<p>Кенес Отағының батыры Мәншук Мәметованың туылғанына 100 жыл толуына және 2022 жыл - Балалар жылына орай 8-11 сынып қыздар арасында волейболдан аудандық біріншілікте II-орын.</p>	<p>Қарағанды облысының білім беретін мектептері және әскери клубтар арасында күзгі әскери кросс жарысында III орын, Шақенова Дана. 2021 жыл</p>
<p>Ауыл жасөспірімдерінің аудандық жазғы спартакиадасы бағдарламасындағы волейболдан қыздар арасында II-орын.</p>	

SWOT - талдау

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> ✓ «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобалары аясында жүйелі жұмыс жүргізілді; ✓ Оқушылардың әлеуметтік жағдайын саралауда әлеуметтік-психологиялық қызметінің жұмысы, мектеп қауіпсіздік командасының жұмысы (рейдтер сыныптардың әлеуметтік паспорты, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау) жақсы дамыған; ✓ Мектеп ғимаратының орналасу жағдайы оқушылардың дамуына ықпал етеді (спорт кешені, өнер мектебі, мәдениет үйі); ✓ Құқықтық тәрбие беруде құқық қорғау органдарымен /КЖТҚТ инспекторымен, сот және прокуратура байланысы жақсы дамыған; ✓ «Мектеп – ата-ана – оқушы» үштік одағын дамытуда ата-аналармен жұмыс жақсы жолға қойылып, ата-аналардан меценаттық көмектер көрсетіледі; ✓ Экологиялық тәрбие беруде мектеп ауласын көгалдандыру, мектеп іші, фойе, бөлме гүлдерімен, жасылдандыру жұмыстары жүйелі жолға қойылған; ✓ «Шаңырақ оқушылар қауымдастығы» жұмысы жүйелі жұмыс атқаруы өткізіліп отырылады; ✓ Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жүйелі орныққан, мектеппен тығыз байланысты; ✓ Әлеуметтік осал топтағы тұл жетім оқушыларға тегін, аз қамтылған, толық емес, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсетілді; ✓ Кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйелі қалыптасқан, 9-11 сынып оқушылары келісім шартқа отырылған мекемелерге, ата-аналардың демеушілік қолдауымен аудан, облыстағы оқу орындарына экскурсия жүргізіліп отырады; ✓ Өр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы мен сынып жетекшілер семинарлары 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Мектепті басқаруда оқушылар кеңесіне жағдай жасау; ✓ Өлкетану бағытындағы жұмыстарды жандандыру; ✓ Оқушылардың туған жерінің тарихын зерттеуге қызығушылықтарын арттыра отырып, мұражай жұмысын жетілдіру; ✓ Сабақ өту барысында, жарыстарға дайындық кезінде спорт элементтарының жетіспеушілігінің кедергі тудыруы.
Қауіп	Мүмкіндік
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Ата-аналардың басым бөлігі жұмыс басты болмауы; ✓ Әлеуметтік жағдайдың төмендігі; ✓ Кәмелет жасқа толмағандар арасында кейбір ата-аналардың бала тәрбиесімен айналыспауы; 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сынып жетекшілердің біліктілігін көтеруді дамыту; ✓ Сынып жетекшілердің инновациялық технологияларды қолдануы; ✓ Оқушылардың денсаулығын сақтауға барлық жағдай жасау;

Мәселе:

- Өлкетану бағыты бойынша мұражай жұмысының тоқтап тұруы;
- Ата –аналардың басым бөлігі жұмыс басты болмауы;
- Оқушылардың әлеуметтік желіге шамадан тыс тәуелді болуы;

Шешу жолдары:

- Мұражай жұмысын ұйымдастыруда жәдігерлер жинақтау, топтар құру арқылы жетілдіру;
- Ата –аналармен отбасылық, тәрбиелік іс-шаралар жұмысын жаңдандыру;
- Оқушылардың арасында көшбасшылықты дамыту арқылы мәдениетін қалыптастыру, рухани-адамгершілік циклында әңгімелер, түрлі танымдық іс-шаралар өткізу;

Психологиялық қызмет

Психологиялық қызметінің жұмысы ҚР Конституциясы мен нормативті құжаттарына сүйене отырып жүзеге асырылады. Жалпы мектептегі педагог-психологтың жұмысының мақсаты: білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Педагог – психологтың жұмысы негізгі бес бағытқа сүйене отырып жүзеге асады. Сонымен қатар, биылғы оқу жылында психологиялық қызметтің жұмысы **Психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйеге қосылғандықтан 5 бағыттың жұмысы осы жүйеде жүргізілді.**

Психодиагностика бағыты бойынша жылдық жоспарда бекітілген іс-шаралар уақытынды ППМАЖ-де өткізілді.

1-ші, 5-ші, 10-шы сыныптардың бейімделу бойынша атқарылған жұмыстар: 1-ші сынып оқушылардың мектепке дайындығын және 6-7 жас тағы балалардың ой қабілетінің деңгейін анықтауға арналған ой қабілеттерінің экспресс диагностикасының әдістемесі оқу жылдың басында және оқу жылдың аяғында жүргізілді. Оқу жылдың басында өткізген әдістеменің нәтижелері мен оқу жылдың соңында жүргізген нәтижелерінің салыстырмалы сараптамасы бойынша 28 % оқушы әдістеменің I срезінен II срезде өз нәтижелерін жақсартты. 72 % оқушыда I және II срезде нәтижелері өзгеріссіз болды.

10-шы сыныптарда бейімделу бойынша 3 сауалнама жүргізілді. Оқушылардың мотивациясы, сыныптағы психологиялық климатты зерттеу мақсатында Л.Г. Федоренконың сауалнамасы алынды және сыныптың топ оқушыларының арасындағы қарым-қатынасты зерттеу мақсатында социометрия әдістемесі жүргізілді.

5-сыныпта оқыту жағдайы түбегейлі өзгереді. Балалар негізгі мұғалімнен «сынып жетекші» жүйесіне, сабақ беруші ұстаз – біреу ғана емес, бір неше мұғалімге ауысады. Сабақтар әр түрлі кабинеттерде жүреді. Негізінен бастауыш сыныптан орта буынға көшу балалық шақтың аяқталуымен сай келеді. Тәжірибе көрсеткендей бұндай кезеңді көптеген балалар өз өмірлеріндегі ең негізгі кезең деп қабылдайды. Олар өздерінің «кіші сыныптағы оқушымын» деп санамайды, және бұл кезеңді мақтан тұтады. Бастауыш сыныптан орта буынға көшу оқушының психикасының жүктемесінен өсуімен байланысты. Психологиялық және психофизиологиялық зерттеулер көрсеткендей оқушылар жана оқу барысына бейімделу кезеңін бастан кешіреді. Оқытудың шарттарының күрт өзгеруі, талаптардың әр түрлі болуы, бастауыш сыныптағы «үлкен» деген атаудан күрт «ең кішілер» деген позицияда болуы оқушы психикасы үшін күрделі тәжірибе болып табылады. Мектептің сабақтастық жоспары бойынша оқушылардың оқуға деген мотивациясын анықтау, қобалжу деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алынады. Сонымен қатар, интеллектуалдық деңгейін анықтау әдістемесі жүргізіледі.

Мотивация әдістемесі




Қорытынды: 5 «А» сынып оқушыларының мотивация жоғары 25 %, орташа 60%, төмен 15 %.
 5 «Б» сынып оқушыларында жоғары көрсеткіш жоқ, орташа көрсеткіш 67%, төмен көрсеткіш 33 %.
 5 «В» сыныбында жоғары көрсеткіш 17 %, орташа көрсеткіш 55 %, төмен көрсеткіш 28 %.
 5 «Г» сыныбында жоғары көрсеткіш 26 %, орташа көрсеткіш 53%, төмен көрсеткіш 21%.
 5 «Д» сыныбында жоғары көрсеткіш 6 %, орташа көрсеткіш 63 %, төмен көрсеткіш 31% ды құрап отыр.
Жалпы 5 – сыныптарда: жоғары көрсеткіш 14 оқушы 15%, орташа көрсеткіш 52 оқушы 56%, төмен көрсеткіш 23 оқушы 25% құрап отыр.

Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу .

№	Сынып	Көшбасшы	Беделді	Шектелген
1	5 а,б,в,г,д	6	8	8

Филлипс әдістемесі қорытынды: 5 «А» сыныбында қобалжуы жоғары 5%, көтермелі жоға 25 %, қобалжуы төмен 70%.
 5 «Б» сыныбында қобалжуы жоғары оқушы жоқ. Көтермелі жоға 6 %, қобалжуы төмен 94 %.
 5 «В» сыныбында қобалжуы жоғары 6 %, көтермелі жоға 6 %, қобалжуы төмен 88 %.
 5 «Г» сыныбында қобалжуы жоғары жоқ, көтермелі жоға 16 %, қобалжуы төмен 84 %.
 5 «Д» сыныбында қобалжуы жоғары жоқ, көтермелі жоға 44 %, қобалжуы төмен 56%.



10-шы сыныптар арасында жүргізілген Спилберг-Андрееваның орта және жоғары мектепте оқуға деген мотивация мен эмоционалды диагностикалау әдістемесінің нәтижесі: 10-шы сынып оқушылар арасында сауалнамаға 68 оқушы қатысты.




Сауалнаманың нәтижесі бойынша II деңгейде - өнімді мотивация, оқуға оң көзқарас, әлеуметтік нормативке сәйкестік бойынша – 15 оқушы (22%), III деңгей - танымдық мотивациясы біршама төмендеген орташа деңгейі бойынша - 37 оқушы (54%), IV деңгей - мотивацияның төмендеуі, «мектептегі зерігу» алаңдаушылығы, оқуға деген теріс эмоционалды көзқарас – 14 оқушы (20,5%) және V деңгей бойынша - оқуға күрт теріс көзқарас – 2 оқушы (3%).

Л.Г. Федоренконың «Сыныптағы психологиялық климатты зерттеу» сауалнамасының нәтижесі: 10-шы сыныптар арасында сауалнамаға 65 оқушы қатысты. Нәтижелерді өңдеу бойынша 6-12 ұпай – 53 оқушы (81,5%) сыныптағы психологиялық ахуалды жоғары бағалайды. Олар бірге оқитын адамдарды жақсы көретінін көрсетті. 13-18 ұпай – 11 оқушы (17%) сыныптың психологиялық климатына немқұрайлы қарайды, оның басқа топтағы қарым-қатынасы ол үшін маңызды деп жауап берді. 19-30 ұпай – 1 (1,5%) оқушы сыныптағы психологиялық ахуалды өте нашар деп бағалайды. Бұл оқушымен әңгіме жүргізілді. Социометрия әдістемесі бойынша сыныпта шектелген оқушылар анықталып, сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

4-ші сынып оқушылар арасында сабақтастық жоспары бойынша жүргізілген әдістемелердің нәтижелері: оқушылардың сабаққа деген ынтасын зерттеу мақсатында Н.Г. Лусканованың сауалнамасы өткізілді. Сауалнамаға 120 оқушы қатысты. Сауалнаманың нәтижесі бойынша мектептегі мотивацияның, оқу белсенділігінің жоғары деңгейін 22 оқушы (18%) көрсетті, оқудың жақсы мотивациясын – 41 оқушы көрсетті (34%), 32 оқушыда (27%) - мектепке деген оң көзқарас, бірақ мектеп сабақтан тыс жақтарымен көбірек тартады; 16 оқушыда (13%) мотивацияның төмен деңгейін; 9 оқушыда (7,5%) мектепке деген теріс көзқарас.




4-ші сыныптар арасында өткізілген Э.Ф. Замбацянның бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы деңгейін анықтаудың стандартталған әдістемесінің нәтижесі



4-ші сынып оқушылар арасында тестілеуге 118 оқушы қатысты. ақыл-ой дамуының жоғары деңгейін – 1,5 % оқушы көрсетті, орташа деңгейін – 25 %, орташадан төмен деңгейді - 49 % оқушы көрсетті, төмен деңгейді – 22 % оқушы және ақыл-ой дамуының өте төмен деңгейін -1,5 % оқушы көрсетті.

4-ші сынып оқушылар арасында Филипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау әдістемесінің нәтижесі



4-ші сыныптар арасында 118 оқушы қатысты. Мектепте жалпы үрейленуі деңгейі бойынша жоғары деңгейді – 7 %, орташа деңгейді - 31 %, төмен деңгейді – 62 % оқушы көрсетті. Әлеуметтік дағдарысқа алаңдауы- жоғары – 2 %, орташа – 17 %, төмен – 81 %. Жетістікке жетудегі талпынысының фрустрациясы – орташа – 14 %, төмен – 86 %. Өзін көрсету қорқынышы- жоғары-17 %, орташа- 14 %, төмен- 69%. Білімді тексеру әрекеті кезіндегі қорқынышы- жоғары - 24%, орташа-27 %, төмен-49%. Айналасындағылардың күткен нәтижесіне қол жеткізе алмау қорқынышы- жоғары- 7 %, орташа-19 %, төмен - 74%. Қорқынышқа қарсы физиологиялық әрекеттің төмендігі – жоғары - 9 %, орташа - 18%, төмен – 73 %. Мұғалімдермен қарым-қатынаста мәселелерді шешудегі қорқыныштар – орташа- 31 %, төмен – 69 %.

6 сынып оқушыларынан алынған әдістемелер. Мотивация




Қорытынды: 6 «А» сынып оқушыларының мотивация жоғары 16 %, орташа 56 %, төмен 28 %. 6 «Б» сынып оқушыларында жоғары көрсеткіш 9 %, орташа көрсеткіш 82 %, төмен көрсеткіш 9 %. 6 «В» сыныбында жоғары көрсеткіш 25 %, орташа көрсеткіш 50 %, төмен көрсеткіш 25 %. 6 «Г» сыныбында жоғары көрсеткіш 6 %, орташа көрсеткіш 94 %, төмен көрсеткіш жоқ. 6 «Д» сыныбында жоғары көрсеткіш 4 %, орташа көрсеткіш 70 %, төмен көрсеткіш 26 % ды құрап отыр. 6 «Е» сыныбында жоғары көрсеткіш 25 %, орташа көрсеткіш 71 %, төмен көрсеткіш 4 % ды құрап отыр.

2. Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу .

№	Сынып	Көшбасшы	Беделді	Шектелген
1	6 а,б,в,г,д	11	8	6

3. Г. Айзенк сауалнамасы

Тесттің мақсаты: сауалнама экстраверсияны, интроверсияны және невротизмді диагностикалауға арналған, сонымен қатар "өтірік шкаласын" құрайтын тоғыз сұрақты қамтиды. Кілтке сәйкес келетін жауаптар бір баллмен бағаланады.




Қорытынды: 6 «А» сынып оқушыларының ішінде холериктер 80 %, сангвиник 12 %, меланхолик 8 %, флегматик жоқ. 6 «Б» сынып оқушыларының ішінде холерик 65 %, сангвиник 30 %, флегматик 1%, меланхолик 4%. 6 «В» сыныбында оқушыларының ішінде холерик 74 %, сангвиник 13 %, флегматик жоқ, меланхолик 13%. 6 «Г» сыныбында оқушыларының ішінде холерик 56 %, сангвиник 31 %, флегматик 7, меланхолик 6%. 6 «Д» сыныбында оқушыларының ішінде холерик 69 %, сангвиник 22 %, флегматик жоқ, меланхолик 9 %. 6 «Е» сыныбында оқушыларының ішінде холерик 62%, сангвиник 38 %, флегматик жоқ, меланхолик жоқ.

7 «Б» «В» «Д» сыныптарынан жоспардан тыс Lesson study бақылауы бойынша алынған әдістемелер нәтижелері: тексеру мақсаты: 7 б,в,д сынып оқушыларының оқуға қызығушылықтарын, сыныптағы психологиялық климат деңгейін анықтау. Бақылау объектісі – 7 б, в, д оқушылары. Бақылау түрі – сауалнама. Бақылау әдісі – сауалнама.

Өткізілген әдістемелер:

1. Оқушылардың оқу мотивациясын анықтауға арналған сауалнама.
2. Психологиялық климат жағдайын анықтау Федоренко Л.Г. сауалнамасы.
3. Социометрия әдістемесі.



Қорытынды: 7 «Б» сынып оқушыларында жоғары көрсеткіш 12 %, орташа көрсеткіш 59 %, төмен көрсеткіш 29 %. 7 «В» сыныбында жоғары көрсеткіш 5 %, орташа көрсеткіш 79 %, төмен көрсеткіш 16 %. 7 «Д» сыныбында жоғары көрсеткіш 27 %, орташа көрсеткіш 73 %, төмен көрсеткіш жоқ.

1. Оқушылардың оқу мотивациясын анықтауға арналған сауалнама нәтижесі

№	Сынып	Жоғары	Орташа	Төмен
1	7 б,в,д	6	33	8

2. Психологиялық климат жағдайын анықтау Федоренко Л.Г. сауалнамасы.


№	Сынып	7 «В»	7 «Б»	7 «Д»
1	сыныптың психологиялық климатын жоғары бағалайды және бірге оқитын оқушылар оларға ұнайды.	14 оқушы	13 оқушы	11 оқушы
2	сыныбының психологиялық климаты қандай екені маңызды емес, олардың өздеріне ұнайтын ортасы бар және сол орта оларға маңыздырақ.	6 оқушыға	4 оқушыға	3 оқушыға
3	сыныбының психологиялық климатын өте жаман деп бағалайды.	1 оқушы	1 оқушы	0

3. Социометрия әдістемесі.

№	Сынып	Көпбасшы	Беделді	Шектелген
1	7 Б,В,Д	3	4	5


Жоспарға сай жалпы 7 сыныптардан алынған әдістемелер нәтижесі.

1. Г.Айзенк са сауалнамасы: сауалнама экстраверсияны, интроверсияны және невротизмді диагностикалауға арналған, сонымен қатар "өтірік шкаласын" құрайтын тоғыз сұрақты қамтиды. Кілтке сәйкес келетін жауаптар бір баллмен бағаланады.




Қорытынды: : 7 «А» сынып оқушыларының ішінде холериктер 52 %, сангвиник 43 %, меланхолик 5 %, флегматик жоқ. 7 «Б» сынып оқушыларының ішінде холерик 63 %, сангвиник 26 %, флегматик 5%, меланхолик 11%. 7 «В» сынып оқушыларының ішінде холерик 76 %, сангвиник 19 %, флегматик 5%, меланхолик жоқ. 7 «Г» сынып оқушыларының ішінде холерик 81 %, сангвиник 19 %, флегматик жоқ, меланхолик жоқ. 7 «Д» сынып оқушыларының ішінде холерик 36 %, сангвиник 50%, флегматик жоқ, меланхолик 14 %.

Кейрең сауалнамасы



Агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басс-Дарки әдістемесі



Агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басс-Дарки әдістемесі бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылардың ата-аналары шақыртылып алдын алу, ағарту жұмыстары жүргізілді.

8-9 сынып оқушылар арасында жүргізген агрессивті мінез-құлықты анықтауға арналған Басса-Дарки сауалнамасының нәтижесі: 8-ші сыныптар арасында 86 оқушы қатысты.



Сауалнаманың нәтижесі бойынша агрессияның индексінің айқын көрінімін 11 оқушы (13 %) көрсетті, 58 оқушы (67 %) агрессияның бірқалыпты көрінім көрсетті, 17 оқушыда (20%) агрессияның индексі әлсіз.


9-шы сыныптар арасында 97 оқушы қатысты.



9-шы сыныптар арасында сауалнаманың нәтижесі бойынша агрессия индексінің айқын көрінімін 6 оқушы (6%) көрсетті, 67 оқушыда (69%) агрессия индексі бірқалыпты және 24 оқушы (25%) агрессия индексі әлсіз.

8-ші сыныптар арасында өткізілген мектепке арналған психикалық даму сынағы (МАПДС/ШТУР) әдістемесінің нәтижесі.


8-ші сыныптардан 94 оқушы қатысты.



Психикалық даму деңгейінің орташа деңгейін – 3 оқушы (3%), орташадан төмен – 10 оқушы (11%), төмен деңгей – 52 оқушы (55%), өте төмен деңгейді – 29 оқушы (31) көрсетті.

11-ші сыныптар қатысқан оқу мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасының нәтижесі: 11-ші сынып оқушылары арасында сауалнамаға 60 оқушы қатысты.

Сауалнама орташа деңгейін



деңгейін – 13 оқушы (22%),
ін 5 оқушы (8 %) көрсетті.

Буллинг және оның алдын-алу 10-шы сыныптар бойынша сауалнаманың нәтижесі:


10-шы сыныптардан 44 оқушы қатысты. 1. Сіз «Буллингтің» не екенін білесіз бе? а) иә -40 (91%); б) жоқ - 4 (9%) 2. Сіз бір адамның басқаға мазақ болғанын кездестірдіңіз бе?

иә, тап болдым - 24 (54,5 %); жоқ - 20 (45 %) 3. Егер кездестірген болсаңыз, онда қандай түрде: а) кемсіту -14 (32 %); б) қорлау (ауызша агрессия) -11 (25%); в) физикалық зорлық-зомбылық -1 (2,9%) в) мазақтау-1 (1,9%); г) кибербуллинг (қауіптер, қорлау және интернетте кемсіту)-2 (4,5%), кездестірмедім- мазақтау-4 (4,5%) 4. Сіз өзіңіз айдап салудың қатысушысы болдыңыз ба? а) иә, бақылаушы ретінде -4 (9%); б) иә, құрбаны ретінде - 2 (4,5%); в) иә, агрессор ретінде (қорлаудың бастамашысы кім)-1 (2,2%) г) жоқ (болған емес)-42 (95%) 5. Айдап салу жиі қайда болады? а) мектепте-5 (11%); б) аулада, көшеде - 7 (16 %); в) әлеуметтік желілерде-22 (50%); г) болған жоқ- 2 (4,5%) 6. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, айдап салуға (буллингке) кім жиі ұшырайды? а) әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам- 28 (64%); б) басқалардан айырмашылығы бар адам (сыртқы, физикалық) -5 (11%); в) өз пікірі бар адам-7 (16%); г) білмеймін -2 (4,5 %). 7. Сіз педагогтер тарапынан мектеп оқушыларына қысым көрсеткен жағдайымен кездестіңіз бе? а) иә, жиі -1 (2,2%); б) иә, бәрақ сирек -10 (23 %); в) жоқ, кездестірген жоқпын-32 (73 %). 8. Ересек адамдар айдап салудан қысым көрген балаларға жеткілікті көмек көрсетпейді деп ойлайсыз ба? а) иә -8 (18%); б) жоқ -5 (11%); в) бұл туралы ойланбадым-31 (70%) 9. Сіз қалай ойлайсыз, білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін бе? а) иә, егер уақытында ересектер байқаса -18 (41%); б) иә, егер жәбірленуші өзінің мінез-құлқын өзгертсе -11 (25%); в) жоқ ол белгісіз-9 (20%); г) агрессордың әрекетін доғартса-1 (2,2%) 10. Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге кім қабілетті? а) әкәмшілік-4 (9%); б) педагогикалық ұжым-18; (41%); в) ата-аналар -8 (18 %); г) оқушылар-10 (23%); д) бәрі -1 (2,2%); е) білмеймін – 1 (2,2%)

Мектептегі буллингтің алдын алу бойынша сауалнаманың қорытындысы: сауалнаманың сұрақтары бойынша буллинг деген түсінікпен оқушылардың көпшілігі таныс. Оқушылар арасында бірін-бірін мазақ қылдыратын жағдайды кездестірген және кемсіту түрінде деп жауап берді. Оқушылар ешқандай айдап салудың қатысушысы болған жоқ. Бірақ бақылаушы ретінде қатысқан. Айдап салу көбінесе әлеуметтік желілерде болады деп жауап берді. Оқушылардың көзқарасы бойынша буллингке әлсіз және жауап қайтара алмайтын адамдар ұшырайды деп жауап қайтарды. Педагогтер тарапынан мектеп оқушыларына қысым көрсеткен жағдайымен кездескен жоқ. Оқушылардың пікірі бойынша, егерде уақытында ересектер байқаса, білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін. Оқушылардың көзқарасы бойынша педагогикалық ұжым білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге қабілетті. Алған сауалнама бойынша оқушылармен профилактикалық және жеке әңгімелер жұмыстар жүргізілді.

Кәсіби бағдар беру жұмысы

9 сыныптар арасында тестілеуге 103 оқушы қатысты.



40 оқушы (39%) облыс бойынша колледждерге өтінім берді. Өнер және гуманитарлық ғылымдар – 72,5 %, қызметгер – 2,5 %, кәсіпкерлік, басқару және құқық – 2,5 %, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 5 %, денсаулық сақтау және әлеуметтік қастамасыздандыру – 2,5 %, білім саласы – 7,5 %, инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары – 2,5 %.

Психологиялық түзету-ағарту жұмыстары: бағытында мектеп әкімшілігі, ата-ана, сынып жетекшінің сұраныстары бойынша оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіледі. Көбіне сынып жетекшілер баланың бойындағы өзгерістерді (көңіл-күйі, сабаққа деген қызығушылығының төмендігі, сыртқы келбетінің өзгеруі, деструктивті мінез-құлықтың пайда болуы) байқағанда психологтың көмегіне жүгінеді. Психологтың тарапынан біз біріншіден, сынып жетекшіге оқушының ата-анасын немесе заңды өкілін шақырып сұраныс беруін сұраймыз.

Екіншіден, оқушының ата-анасына немесе заңды өкіліне болып жатқан мәселені түсіндіріп, оқушымен маман ретінде жұмыс жүргізуге рұқсат алынады.

Үшіншіден, оқушының жас ерекшелігіне сай диагностикалар өткізіледі. Оқу жылыдың басынан бастап 1,5, –ші сынып оқушыларының мектепке бейімделу мен мінез-құлықтарына байланысты «Мектеп суреті», «Отбасы суреті», «Мотивация деңгейін анықтау сауалнамасы» және «Кактус» әдістемелер жүргізілді, сонымен қатар жеке әңгімелер мен қадалау жұмыстары өткізілді.

Төртіншіден, диагностикалардың қорытындысы дайын болған соң, оның нәтижесі тек оқушының ата-анасына немесе заңды өкіліне айтылады. Биылғы оқу жылында 21 оқушымен жеке жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде өтізілген диагностикалардың шешімі ата-аналарына таныстырылып, кеңестер берілді.

Оқушылардың даму деңгейіндегі туындайтын әр түрлі мәселелерге байланысты сынып жетекші мен ата-аналардың сұраныстары бойынша балалармен жеке жұмыстар жүргізілді.

Оқушылармен жүргізілген жеке әңгімелердің нәтижелері сынып жетекші мен ата-аналарына ескертіледі.

Психопрофилактика: жоспарға сай тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп медбикесі мен бірге 5-11 сынып қыздарымен профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Профилактикалық әңгімелер «Ерте жүктіліктің алдын-алу», «Қыздың гигиенасы», «Қыз қылығымен тәтті» атты тақырыпта өткізілді. Психологтар тарапынан қыздардан сауалнама алынып, баяндама оқылды. Сауалнаманың мақсаты: бос уақытында немен айналысатынын, отбасында кіммен жақын байланыста анықт

Жоспарға сай тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп медбикесі мен бірге 5-11 сынып ұлдарымен профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Профилактикалық әңгімелер өткізілді. Психологтар тарапынан ұлдардан сауалнама алынып, бейне материалдар көрсетіліп, баяндама оқылды. Сауалнаманың мақсаты: бос уақытында немен айналысатынын, отбасында кіммен жақын байланыста екенін анықтау.

Жоспардан тыс мектеп инспекторы және әлеуметтік педагогпен бірге екінші ауысым оқушыларымен профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Профилактикалық әңгімелер қазіргі таңда жасөспірімдер арасында кеңінен таралып жатқан тақырыптарда өткізілді. Мақсаты: келенсіз жағдайларды алдын алу.

Психологиялық ақпараттандыру

8-11 сынып ата-аналарымен «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және деструктивті міне-құлықты алдын-алу бағдарламасы» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, осы тақырыпта мектептің ұжымымен және мектептің кіші қызметкерлерімен жиналыстар жүргізілді.

Әлді жақтары	Әлеіз жақтары
<p>1. Ата-аналармен байланыстың қол жетімділігі.</p> <p>2. Тренингтер ұйымдастыру барысында ұстаз, ата-ана, оқушылар тарапынан қиыншылық тудырмауы.</p> <p>3. 1,4,5,9 сыныптарда диагностикаларды үйреншікті түрде кедергісіз жүргізілуі.</p>	<p>1. Жоспардан тыс жұмыстардың, жұмыс барысына кедергі болуы.</p> <p>2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлескен жоспарының жоқтығынан біраз іс-шаралардың жүзеге асырылмауы.</p>
Қауіп-қатер	Мүмкіндіктер
<p>1. Кейбір сынып жетекшілер сыныбына келген жаңа оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттемеуі.</p> <p>2. Кейбір ата-аналардың балаларының көңіл - күйіне назар аудармауы, алдын ала дабыл қағып, психологиялық көмекке жүгінбеуі.</p> <p>3. Отбасында, мектеп ішінде туындайтын мәселелерді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогтар және психологтардың бірлесе отырып қарастырмауы.</p>	<p>1. Өзіндік білім жетілдіруге деген мүмкіндіктің еркін болуы.</p> <p>2. Оқушыларға арналған психологиядан курс жазуға мүмкіндіктердің болуы.</p> <p>3. Уақытты дұрыс ұйымдастырып, пайдалануға кедергілердің болмауы.</p>

Мәселе:

1. Кейбір сынып жетекшілер сыныбына келген жаңа оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттемеуі.
2. Кейбір ата-аналардың балаларының көңіл күйіне назар аудармауы, алдын ала дабыл қағып, психологиялық көмекке жүгінбеуі.

Шешу жолдары:

1. Сынып жетекшілермен тығыз байланыста жұмыс істеу.
2. Мектептің қауіпсіздік командасының жұмысын жандандыру.
3. Қиын өмірлік жағдайда жүрген оқушыларды назардан тыс қалдырмау.

Әлеуметтік педагогтардың атқарған жұмыстары

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты: Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жағдай жасау. Әлеуметтену үдерісінде өздігінен даму және өзін-өзі танытуда оқушыларға кешенді әлеуметтену-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ оқушылардың өмір сүру кеңістігінде оларды қорғау (әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, құлықтылық).

Жұмыс барысында келесі міндеттер орындалды:

-«аз қамтылған», «көп балалы», «толық емес» отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

- қамқорлық пен қорғаншылыққа мұқтаж, мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінез-құлықты, сондай-ақ, төтенше жағдайға ұшыраған білім алушыларға көмек көрсетуде педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен әлеуметтік сала мамандарымен, қайырымдылық ұйымдармен бірлесе әрекет ету;

- оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау;

- кәсіби бағдар беру мақсатында оқушыларға арналған іс шаралар;

Жоспар бойынша 2021-2022 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында "Мектепке жол" атты республикалық акция туралы үгіт - насихат, көмек көрсету және ықпал ету жұмыстары жүргізілді. Ұстаздардың, ата-аналардың және кентіміздегі кәсіпкерлердің "Мектепке жол" қайырымдылық акциясына қатысуы қамтамасыз етілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде әлеуметтік себептер бойынша оқушылардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін көмек көрсету.

Осы акция барысында аз қамтылған, толық емес, берекесіз отбасынан шыққан жалпы саны 15 балаға мынадай көмек көрсетілді: мектеп формалары, блузка, жейде, кофта, юбка, сөмкелер,

спорттық киім, оқу құралдары, аяқ-киімдер берілді.

Көмек көрсеткен демеушілер: «Жүнісовтер» шаруа қожалығы, «Жанар» шаруа қожалығы, «Кенжебаев» жеке кәсіпкерлігі, «Сабина» коньярлық дүкені, «Настя» дүкені киім-кешек, оқу құралдары түрінде және мектебіміздің ұстаздары қатарынан бірталай мұғалімдер ақшалай және оқу құралдары ретінде көмек көрсетті.

Сонымен қатар, Астана Моторс компаниясынан әлеуметтік санаттағы 35 оқушыға оқу құралдары түрінде және «Блял» әмбебап дүкені 12 оқушыға оқу құралдармен көмек көрсетті. Астана Моторс компаниясы 40 оқушыға қыстық киім – кишекпен де көмек қолын созды.

Ағымдағы оқу жылында білім бөлімінің тарапынан аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жалпы саны 369 оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдары ретінде материалдық көмек көрсетілді.

Қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына мониторинг жасалды. Мониторинг жасалу барысында: аз қамтылған отбасынан шыққан – 119 оқушы, көп балалы отбасынан шыққан – 286 оқушы, толық емес отбасынан – 164 оқушы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – 1 оқушы, оның ішінде тұл жетім – 5 оқушы анықталды. Сонымен қатар, қыркүйек айында құқық бұзушылықтың алдын-алу топтарын құру, жағдайы төмен отбасыларды анықтау, оқушылардың бас құжаттарын тексеру, сыныптардың әлеуметтік паспорттарын құру, әлеуметтік жағдайы төмен балалардың сабаққа қатысуын бақылау іс-шаралары өткізілді.

Қыркүйек айының соңында оқу жылының басталуына байланысты өткізілген жалпы ата-аналар жиналысында «Мектепке жол» республикалық акциясының қорытындысы таныстырылды.

Қазан айында қолайсыз отбасылардың үйлеріне отбасылық зерттеу актісі жасалып, ата-аналармен және оқушылармен әңгіме жүргізілді. Қолайсыз отбасы қатарында тұрған 2 Г сынып оқушысы Холодов Антон анасы баланың жанында болмауына байланысты тұрғылықты мекен жайы бойынша тұрмыстық зерттеу актісі жасалып, ата-анасымен әңгіме жүргізілді. Әңгімелесу

барысында анасы тұрақты жұмысы жоқ екендігін, күнделікті напаканы табуға жұмысқа кететінін айтты. Мектеп әкімшілігі тарапынан отбасына жергілікті әкімдікке барып, жағдайын айтып көмек сұрауы жөнінде және Антонға ананың тәрбиесі маңызды екенін және балада жауапкершілігінің зор екендігін түсіндіріп, ақыл-кеңестер берілді.

29 қазан күні «Қамқоршылар күні» мерекесі ресми түрде аталып өтті. Мектебімізде қамқорлықта 6 оқушы бар. Олар Сатыбалды Айым 11 «А» сынып оқушысы, Кешубаева Амира 11 «Б» сынып оқушысы, Ғабиден Арайлым, Кешубаева Айягүл және Саягүл 10 «Б» сынып оқушылары, Мусатаева Сабина

8 «Б» сынып оқушысы. «Қамқоршылар күніне» байланысты кездесу ұйымдастырылды. Онда мектеп директорының м.а.г.А.Тусупова қамқоршыларды мерекелермен құттықтап, тілек білдіріп, әр қайсысына мектеп әкімшілігі атынан алғысын жеткізді.

Әлеуметтік педагог Асемиева Б.Б. және Жүнісбек Т.У қамқоршыларды қамқорлығына алған балаларға жылу сыйлап, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытуды үйретіп, тәрбиелеп жатқандықтары үшін алғыс білдіріп, мерекемен құттықтады. Мерекелік іс-шара соңында қамқоршылар өздерінің жылы лебіздерін білдіре отырып, мектеп әкімшілігіне алғыстарын айтып өтті.

Қараша айында «Бала құқығы – адам құқығы» он күндік аясында оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша 9-11 сыныптар арасында ҚЖТІЖ инспекторымен, әлеуметтік педагогтермен бірлескен дәрістер өткізілді. Кездесу барысында Қазақстан Республикасының құқықбұзушылыққа байланысты заңнамалары мен ескертулерімен таныстырылды. Сонымен қатар, «тәускел тобында» мектепшілік тізімде тұрған балалармен құқық бұзушылықтың алдын-алу, алкогольизм, шылым шегудің тигізетін зияндары туралы профилактикалық әңгіме жүргізіліп, толық емес отбасылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын бақылау, қорғаншылықтағы балалардың денсаулықтарын бақылау іс-шаралары өткізілді.

17 қараша күні «20 қараша – Дүниежүзілік балалар күніне орай «Бақытты ана- бақытты бала – бақытты отбасы- бақытты ел» тақырыбында көп балалы ата- аналармен дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты: балалардың бойына отбасына деген сүйіспеншілікті орната білу, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

18 қараша күні 20 қараша – Дүниежүзілік балалар күніне орай «Құқығым бар» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында семинар – тренинг өтті. Семинар – тренингтің мақсаты: баланың өзінің құқығы туралы түсінік беру, басқа адамдардың құқығымен байланысы және міндеттері; өз құқығын қорғау және басқа адамдардың құқығын сыйлау дағдыларын қалыптастыру. Құқық пен міндет жөнінде түсініктерін қалыптастыру; өз құқығын қорғау қажеттілігімен өзге адамдардың құқығын құрметтеу қажеттілігін дамыту.

Қараша айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Жақсылық жаса» акциясы аясында әлеуметтік осал топтағы отбасыға көмек көрсетілді. Мектеп Парлменті мен «Жас Ұлан» ұйымының бірлесуімен өтті.

Қараша айының соңында 8 В сынып оқушысы Мейрамов Ұлан және 8 В сынып оқушысы Наурызбаев Ақарыс мектепте сыныптастарын бопсалағанына байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысының шешімімен мектепшілік есепке тіркелді. Шешімге байланысты әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшісінің бірлескен жеке алдын алу жоспары құрылып, түзету жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, қаңтар айында қамқоршылармен жұмыс жасалды, атап айтқанда әр отбасына жанұялық тұрмыстық зерттеу актісі жасалып, «Қамқоршылар есебі» бойынша есеп алынды.

Желтоқсан айында есірткі, нашақорлық, уытқұмарлықтың құқықтық салдары туралы 9-11 сынып оқушыларымен мектеп инспекторының қатысуымен жиналыс өтті.

Желтоқсан айының соңында қолайсыз отбасыларға, әлеуметтік осал топ отбасыларына рейд жүргізілді. Рейдке мектеп инспекторы, сынып жетекшілері, мектеп психологының

қатысуымен рейд жүргізілді. Мақсаты: кәмелетке толмаған оқушылардың тұрғын үйін зерттеп, тексеру. Рейд кезінде барлық оқушы үйлерінде болды.

Қаңтар айының соңында Шет ауданының білім бөлімінен келіп түскен Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде 1 қаңтардан бастап бастап әлеуметтік санатқа жататын отбасылардан шыққан жалпы саны 629 оқушы, оның ішінде бастауыш сынып оқушылары әлеуметтік санатқа қарамастан жалпылама түрде түгелімен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, 5-11 сынып әлеуметтік осал топқа байланысты тігін ыстық тамақпен ұйымдастырылды. Бұндағы айта кетерлік бір өзгешелік ағымдағы оқу жылында ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды e.bilimal платформасы арқылы енгізіп қабылданды.

Оқушылар оқу процесі барысында 8 лекке бөлініп тамақтандырылды, яғни, I ауысымда 4 лек, II ауысымда 4 лекке бөлінді. Оқушылардың тамақтануына 20 минут көлемінде уақыт белгіленген. Тамақтану барысында асхана бөлігінде тек қана асханаға жауапты ұстаздар мен оқушылар ғана жүрді. Кіреп есік пен шығар есік бөлек ұйымдастырылды. Асханада өзін-өзіне қызмет көрсету түрі жүргізілмеді, яғни, әр оқушының тамағы дайын тұрды. Әр лек сайын 30

минут үзілісте асхана залы тазаланып дезинфекция жасалды.

Тағы бір айта кететін жайт, алдыңғы оқу жылынан бастап мектепшілік, әрі ювеналды полиция есебінің тіркеуінде тұрған 11 «Г» сыныбының оқушысы Зайпуллаев Мансурмен жүргізілген жұмыстар оң нәтиже тауып, қаңтар айында есептен шықты. Зайпуллаев Мансур алдыңғы оқу жылының, яғни, 2018 жылдың қазан айының 08-ші жұлдызында тәртібіне және себепсіз сабақ босатуына байланысты мектепшілік есепке алынса, 2019 жылдың 30-шы сәуірінде ювеналды полиция есебіне тіркеуге алынды. Сол уақыттан бері біраз жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісі үйіне барып, бірнеше рет зерттеу актісі жасады, түзету жұмыстары жүргізілуде және сабақтары мен тәртібі қадағалануда, оқушының жағдайы құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесін отырысында қарастырылып, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау кенттік және аудандық комиссиясына, кенттік полиция бөлімшесіне қатынас хаттар жолданды. Құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесін отырысында әкесіне бірнеше рет ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің №127 бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырып, процессуалдық шешім қабылдау үшін сотқа жолдасын деген шешім қабылданды. Осы жұмыстар аясында оң шешім болып, есептен шығарылды.

Ақпан айының 3 күні «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі» тақырыбында дәріс өтті. Кездесуде 5-11 сынып оқушыларына мектеп инспекторы ҚР Қылмыстық Кодексінің жекеленген баптарын түсіндіріп, атап ктті. Бала құқығы және денсаулығы мен қмір қауіпсіздігінің баптары, жол-көлік оқиғаларын сақтандыру жөнінде айтып өтілді.

Ақпан айында «Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы ұйымдастырылды, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шара өткізілді.

7 ақпан күні «Менің мектепке баратын жолым қауіпсіз бе?» тақырыбында зерттеу жұмысы жүргізіліп, жол қауіпсіздік ережесімен таныстырылды.

8 ақпан күні 10-11 сынып оқушылары арасында «Не? Қайда? Қашан?» тапымдық және іскерлік ойын өткізілді. Оқушылардың құқықтық мәдениеттілігін көтеру. Өз құқығын білуге деген қызығушылығын арттыру. Заңдарды сыйлап, өз құқығын қорғауға тәрбиелеу.

9 ақпан күні «Кәмелетке толмағандардың мектептегі терроризм фактілерін біле тұра жалған хабарламалары үшін жауаптылығы» тақырыбында 5-7 сынып арасында жиналыс өтті. Жиналыс мақсаты: Кәмелетке толмағандардың мектептегі терроризм фактілерін біле тұра жалған хабарламалары үшін жауаптылығын түсіндіру, зиянды заттардан аулақ болу, гигиеналық тазалықты сақтау.

10 ақпан күні 2-7 сынып оқушылар арасында бала құқығы туралы фильм көрсетілді. Мақсаты: Бала құқықтары, оларды сақтау, өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру оларды жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. 2-7 сынып оқушыларына фильм көрсетіліп, бала құқықтары туралы әңгіме айтылды. Фильмнің мазмұны бойынша бала құқығы мен міндеттері

талқыланды. Оқушылар өз құқықтарын айтты. Сұрақ- жауап әдісі арқылы сұрақтар қойылып, жауап алынды.

11 ақпан күні «Отбасы – қауіпсіздік аумағы», «Отбасы- қауіпсіздік аумағы. Балаңызды қалай түсінуге болады?» тақырыбында 5-7 сынып ата- аналары және сынып жетекшілері арасында жиналыс өтті. Жиналыс мақсаты: Ата – аналарға балаларының құқықтық тәрбиесі жайында толық мағлұмат беру, әр баланың мінез-құлық ерекшеліктеріне сай қоғамда өзін-өзі ұстауы, үлкенге құрмет көрсетуі, құқық бұзбау әрекеттері жөнінде ой бөлісу. Өзін-өзі тану арқылы дара тұлға ретінде өзін еріксіз бірқалыпты қалыптастыруға баулу. Жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу жолында құқықтық тәрбиенің маңызын аңғарту. Жиналыста 5-7 сынып оқушыларының ата-аналарына «Құқықтық тәрбие» жөнінде баяндама оқылды.

11 ақпан күні «Құқықтық кеңес беру» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: баланың өзінің құқығы туралы түсінік беру, басқа адамдардың құқығымен байланысы және міндеттері; өз құқығын қорғау және басқа адамдардың құқығын сыйлау дағдыларын қалыптастыру. Құқық пен міндет жөнінде түсініктерін қалыптастыру; өз құқығын қорғау қажеттілігімен өзге адамдардың құқығын құрметтеу қажеттілігін дамыту. Дөңгелек үстел барысында әлеуметтік педагогтер бала құқығы жайлы, оқушыларға қатысты заңмен, баптарымен, оқушы құқығы мен міндеттері туралы айтып өтті. 17 ақпанда «Халық банк» Ақадыр филиалының басшысы, еңбекқор қызметкер Хамзина Перизат Бекижанқызымен 9-11 сынып оқушылары арасында «Қаржылық жоспарлау: ақшаны есептеуді қалай үйрену керек?» атты дөңгелек үстел өтті. Маман өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, ақшаны тиімді жоспарлап, жұмсаудың қағидаларын айтты. Әр адамның өз табысын тиімді жоспарлаудың құпиясы жайында да сөз қозғады. Оқушылар өз көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Қаржы, қаражат, қаржылық сауаттылық, инвестиция деген ұғымдар кім-кімді болсын қызықтырады. Бұл жайында қаржы саласының маманы кеңінен түсіндірді. Оқушыларға түсінікті болатындай қаржы ұғымына анықтама берді.

22,23 ақпанда «Жасөспірім» облыстық жедел – профилактикалық іс-шара аясында кешкі рейд ұйымдастырылды. Рейд мақсаты: кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықты алдын-алу.

Наурыз айында 8 В және 8 В сынып оқушылары Наурызбаев Ақарыс және Мейрамов Ұланмен жүргізілген түзету жұмыстары оң нәтиже көрсетіп, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысының шешімімен мектепшілік есептен шығарылды. Наурыз айында сынып жетекшілер семинары кезінде қайталама ПММАЖ (АСППМ) жұмыстары бойынша да түсіндірме жүргізіліп, толықтырулар, жүйелегі өзгерістер айтылды. Наурыз мейрамы қарсаңында мемлекет басшысының бастамасымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында басталған «Қайырымды істер марафоны» мектебімізде де игі істермен жүзеге асты.

Іс-шараның мақсаты мемлекет пен бизнес, еріктілер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар мен қарапайым азаматтар арасында ынтымақтастық пен серіктестікті қолдау. Халық арасында жомарттық пен жақсылық жасау идеяларын кеңінен насихаттау.

Іс-шара туралы үгіт - насихат, көмек көрсету және ықпал ету жұмыстары жүргізіліп, ұстаздардың, ата-аналардың қайырымдылық акциясына қатысуы қамтамасыз етілді. Марафон барысында аз қамтылған 4 отбасына, көп балалы 2 отбасына, қамқорлықтағы 1 отбасына, жалпы саны 7 отбасына азық-түлік ретінде көмек көрсетілді.

Көмек көрсеткен ұстаздарымыз: Алмаш мұғалім, Дмитрий мұғалім, Фаарида мұғалім, Шынар мұғалім, Камшат мұғалім, Жанар Абикеновна, Аманжол мұғалім, Меруерт мұғалім, Эльмира мұғалім, Тогжан мұғалім, Любовь Николаевна, Жұлдыз мұғалім, Қарлығаш мұғалім, Бегзат мұғалім, Бағзат мұғалім, Табиғат мұғалім, Гульнар мұғалім, Гульнар Сырымовна, сонымен қатар,

марафонға тех.персонал Гүлімай тәте және Бағдат тәтеге мектеп әкімшілігі және отбасылар үлкен алғыс білдірде.

Оқушылардан алынған диагностикалық зерттеудің нәтижесінде оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында сәуір айында 9-11 сынып оқушыларына арналған кенттік мекемелердің тәжірибелі, әрі білікті мамандарымен, атап айтқанда, полиция қызметкері, дәрігер, қаржы, мамандарымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылар таңдаған мамандықтарына байланысты көкейлерінде жүрген бірталай сұрақтарға толыққанды жауап алды.

Сонымен қатар, онлайн форматта колледжімен кездесу өткізілсе, офлайн форматта Қарағанды «Қамқор» колледжімен және Шет агротехникалық колледжімен кездесу өткізілді.

Сәуір айында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес- баршамызға ортақ іс» тақырыбында 5-8 сынып арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой пікірлерімен санасуға жағдай жасауға тәрбиелеу.



Сәуір айының 14 күні шет ауданы, Ақадыр кенттік полиция бөлімшесіне 9 сыныптармен кәсіби бағдар бойынша экскурсия жүргізілді. Оқушыларға түсіндірме айтып, көкейлеріндегі сұрақтарын қойды.



Мамыр айының басынан бастап оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында Қарағанды облысының оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен күнделікті сағат 12.00-де облысымыздың колледждерімен таныстыру үшін «Час профориентации» атты вебинарлар ұсынылды. Аталған вебинардың сілтемесі және кестесі әлеуметтік желі арқылы сынып

жетекшілерге жіберіліп, оқушылардың қатысуы қамтамасыз етілді.

Мамыр айында 2-7 сынып оқушылар арасында мектеп инспекторы кәмілетке толмаған оқушылардың түнгі уақытта жүрмеуі туралы, көлік айдамауы, тәртіпсіздік, құқық бұзушылық туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мамыр айының 12 күні «Балалар жылына» орай облыстық «Қамқор» рейді өткізілді.

Сонымен қатар, мамыр айында Шет ауданы білім бөлімінен жолданған №1-3/406 шығыс хаты, яғни, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 30369/РПШ10 мектеп формасына қатысты техникалық ерешеліктері негізінде, мамыр айының 21-30 жұлдызы аралығында мектебіміздің әлеуметтік осал топтарға жататын отбасынан шыққан оқушылардан мектеп формасына тізім ұсынылды.

Қазіргі таңда аталған отбасылардан шыққан оқушыдан құжаттары жиналды. Мектеп формасына сипаттамасына сай, форманың қою көк.

1-4 сынып қыз балалары үшін – блузка, юбка, жакет және трикотажды желетка, ал 5-11 сынып қыз балалары үшін, блузка, юбка, жакет және трикотажды желетка ұсынылады.

1-11 сынып ұл балалары үшін – көйлек, костюм, астарлы жейде, шалбар және трикотажды жейде ұсынылады.

Мамыр айының соңында "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік қызметіне сәйкес биылғы оқу жылына әлеуметтік осал топтан шыққан 55 оқушының құжаты жиналып, тізім жасалды.

Аталғандардан басқа, әлеуметтік педагогтер таңертең оқушыларды түгендеп және кешіккен оқушыларды қадағалап, аталған ақпаратты қағаз бетіне түсіріп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына табыстайды. Одан соң тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың уақытылы тамақтануын, тәртібін қадағалап, күнделікті санын есеп табеліне тіркейді. Сонымен қатар, қажет болғанда аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың отбасына тұрмыстық-материалдық зерттеу жүргізеді. Оқушылар арасындағы кикілжің оқиғалар орын алған жағдайда оқушылармен және ата-аналармен әңгімелесу жүргізіп, жұмыс журналына тіркейді.

Сонымен қатар, ай сайын құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесі отырысы өткізіледі. Ол жерге сабақты себепсіз босатқан, мектептің ішкі ережесін сақтамаған оқушылар ата-анасымен қоса шақыртылып тәртібі мен үлгерімі талқыланады. Кеңес мүшелеріне аталған сынып жетекшілері тарапынан мінездемелер, оқушылармен жүргізілген жұмыстар ұсынылады. Оқушылардың тәртіптері қарастырылып, талқыланып әр қайсысының өзіне тиесілі шешімі шығарылады. Аталған жұмыстың нәтижесінде оқушылар түзеліп, оңтайлы нәтиже беріп жатады.

Әлеуметтік педагог жұмысына SWOT талдау
2021-2022 оқу жылы

Әлді жақтары	Әлсіз жақтары
1. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау жұмысы бақылауға алынғандығы; 2. Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі отырыстарының уақытылы өтуі; 3. Ата - аналармен байланыс; 4. Қамқоршылармен жұмыстың нәтижесі; 5. Жеке кабинеттің болуы; 6. Инклюзивтік білім беру саласында әлеуметтік педагог жұмысының жүйеленуі;	1. Тегін ыстық тамақпен, мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлерге жолдамамен қамтамасыз ету барысында құжат жинау қиындықтары; 3. Қайырымдылық акциялары кезеңінде демеушілердің аздығы; 4. Кейбір сынып жетекшілермен тығыз байланыстың орын алмауы;
Қауіп – қатер	Мүмкіндіктер
1. Девиантты мінез-құлықты оқушылардың санының артуы; 2. Әлеуметтік қызмет тарапынан оқушыларға ұсынылатын жұмыстар барысында ата – аналардың түсініспеушілік танытуы (кәсіби бағдар беру, қамқоршылармен жұмыс, мемлекеттік қызмет ұсыну барысында); 3. Отбасында, мектеп ішінде кенеттен туындайтын мәселелер;	1. Өзіндік білім жетілдіру; 2. Уақытты тиімді ұйымдастыру; 3. Циклограмма жасау; 4. Қайырымдылық акциялары кезінде ірі меценаттарды тарту; 5. Кәсіби бағдар беру жұмысын дамыту (кездесу кештері, конференция); 6. Құқықтық сауаттылықты арттыру;

Анықталған мәселелер:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша құжаттар жинау барысында сынып жетекшілердің қолдау көрсетпеуі;
2. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуының сынып жетекшілер тарапынан қадағаланбауы, ескертпеуі;
3. "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша құжаттар жинау барысында сынып жетекшілердің қолдау көрсетпеуі;

Шешу жолдары: сынып жетекшілермен тығыз байланыс орнату, оқушылардың сабаққа қатысуын сынып жетекшілер тарапынан қатаң бақылауға алуы, кәсіби бағдар бойынша жыл басынан бастап жұмысты жүйелендіру, атаулы іс-шараларды сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға уақытылы түрде құлақтандыру.

ӘҚ. ЖОБ. Әдістемелік қамтылуы **Әдістемелік кафедралар**

Мектепте тоғыз әдістемелік кафедралар жұмыс жүргізеді: мемлекеттік тіл, орыс тілі және әдебиеті, шет тілдер, қоғамдық-гуманитарлық, инженерлік-техникалық, ғылыми-жаратылыстану, эстетикалық пәндер, бастауыш сыныптар, салауатты өмір салты. Әдістемелік кафедралардың жұмыс тақырыбы педагогтың кәсіби құзыреттілік деңгейінің өсуі арқылы білім сапасын арттыруға бағытталады.

Кафедраның жұмысының мақсаты: білім сапасын арттыру мақсатында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- инновациялық технологияларды танып-біліп, оқу-тәрбие үрдісіне енгізуі;
- озық педагогикалық тәжірибе қолдану арқылы педагог шеберлігін арттыруы;
- шығармашылық ізденісіне, әдістемелік құралдарды шығаруына, мұғалімдердің үздіксіз білім алуы мен шеберлігін арттыруға жағдай жасалуы;
- оқушылардың іс-әрекетін бағалау мониторингісі мен диагностикасын құруда мұғалім құзыреттілігін жоғарлатуы;
- кәсіби байқауларға, инновациялық-жобалау іс-әрекетіне, БАҚ-ның басылымына мектеп мұғалімдері қатысуы;
- жас және жаңадан келген мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің қалыптасуына қолайлы жағдай жасалуы.

Кафедраның жұмыс жүргізу бағыттары: оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және диагностикалық

Кафедраның оқу-әдістемелік жұмысына:

- мұғалімдердің біліктілігін арттыру;
- педагогтарға әдістемелік көмек көрсету;
- озық тәжірибемен танысып және енгізу;
- ашық сабақтар мен сабақтан тыс іс-шаралар жүргізу;
- оқу көрнекілік құралдарын қрастыруды және жетілдіруді жалғастыру;
- пәндер бойынша олимпиадалардың, байқаулардың, жарыстардың жалпы ережелерін құрастыру енеді.

Кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысына:

- кафедрада өз пәндер бойынша бағдарлар мен оқу жоспарларын құрастыру;
- жаңа педагогикалық технологияларды апробациядан өткізу;
- жаңа оқу курстарының, оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын құрастыру енеді;

Кафедраның диагностикалық жұмысына:

- оқушылардың білімділік деңгейін айқындау мақсатында диагностикалық материалдарды құрастыру және апробациялау;
- мұғалімдер оқу үрдісін ұйымдастыруда қиындық туғызған сұрақтар бойынша талдау жүргізу;
- оқушылардың білім сапасын мектепшілік бақылауда жүзеге асыру жатады.

Оқу жылында әр кафедра ғылыми-әдістемелік тақырыбын айқындап және бекітіп, жүзеге асыру жұмысын жүргізеді.

Кафедраның жұмыс жоспары: педагогикалық диагностиканың дұрыстылығы, педагог қызметкерлерді аттестаттауға және қайыра аттестаттауға даярлауға; жылдық жұмысты талдау және жаңа оқу жылына жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді жоспарлау; оқу-тәрбие

үрдісіндегі ғылыми-зерттеу жұмысының жағдайы және іс-әрекетке ағымдағы талдау; оқушылардың білім сапасының диагностикасы; дарынды балалармен жұмыс; оқу-тәрбие жұмысы бойынша технологиялар мен әдістемелерді апробациялау; пән мұғалімдерінің эксперименталдық, зерттеу, әдістемелік іс-әрекетін ұйымдастыру; педагогтарды кәсіби қолдау көрсетуде кеңес беруді ұйымдастыру; шығармашылық айлық жұмыстарын даярлау және жүргізу; пән байқауларын өткізу; жас мамандар мектебін ұйымдастыру.

Әдістемелік кафедралардың негізгі жұмыс формалары: семинарлар, дөңгелек үстел, ашық сабақ және оны талдау; өзіндік білім көтеру тақырыбы бойынша есебі; кеңестер.

Әдістемелік кафедралардың жұмысы нормативтік-құқықтық актілердің және жұмыс ережесіне негізделіп, жүзеге асырылады.

Әдістемелік кеңестің құрамы: мектеп директоры; директордың орынбасарлары; кафедра меңгерушілері; тәжірибелі мұғалімдер.

Мектеп-лицейдің әдістемелік кеңестің құрамына кафедралардан бөлек шығармашылық топ мұғалімдері, шығармашылық-зерттеу зертханалары кіреді.

Әдістемелік-жобалау іс-әрекеті

Мектептің педагогикалық ұжымы АҚ «Өрлеу» ҰБА, ҚО ОӘО, орталығымен, жоғарғы оқу орындарымен және республикамыздың кәсіби лицейлері, колледждері, мектептерімен тығыз байланыс орнатты. 9,11 сынып оқушыларымен кәсіби бағдар жұмысын бірлесе жүргізеді. ҚарМУ, Тараз ПУ, л.н. Гумилев атындағы ҰЕУ, С.Сейфуллин атындағы агро-техникалық университетімен, ҚарМТУ, «Болашақ» өзекті білім беру Қарағанды университетімен бірнеше жыл қатарынан байланыс орнатылған. Мектебіміздің мұғалімдері мен оқушылары жоғарыда аталған оқу орындары ұйымдастыратын ғылыми-практикалық конференциялардан, негізгі пәндер бойынша және қашықтықтан өткізілетін олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болуда. Бірнеше жыл қатарынан облыстық ғарыштық және аудандық өлкетану мұражайларымен байланыс орнаған.

1. Жобалау-әдістемелік жұмыс:

Мақсаты: мұғалімдер мен оқушылардың кешенді білімді бірлесе ізденуі, қоғам қажетіне зияткерлік өнімін кұруда білімдерін қолдана білу.

Міндеттері:

- мектепте жобалау іс-әрекетін жетілдіру және шығармашылық дамуын жалғастыру;
- шығармашылық жобалауда жаңа мүшелерін тарту;
- жобалау іс-әрекетіне қатысушылардың дәрежесін, жобалау-білімділік саласына жауапкершілігін, саналы тәрбиесін өсіру.

Жобалау-әдістемелік іс-әрекетті ғылыми-әдістемелік кеңес басқарады, құрамына жоғары және бірінші біліктілік санатына бар әкімшілік өкілдері, кафедра меңгерушілері, мұғалімдер кіреді. Олар оқыту семинарларын, кездесулерді, дөңгелек үстел, отырыстарды жүргізеді және шығармашылық есептерді ұйымдастырады, педагогикалық оқуларға қатысады.

Біздің мектеп мұғалімдері жобалау-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетіне айналысады. Ғылыми-практикалық, ғылыми-теоретикалық (аудандық, облыстық, республикалық деңгейлерде), интернет-олимпиадаларға қатысады.

Мектептің оқыту және тәрбиелеу тұжырымдамасын жүзеге асыру тетіктері:

«Заманауи біліктілігін стратегиясы»	педагогтың дамыту»	Мұғалімдердің озық тәжірибесін аудандық, облыстық деңгейде таратып, үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау; «Үздік сынып жетекшісі» байқауын өткізуді жоспарлап, мұғалімдердің сыныпты басқару құзыреттілігін жетілдіру, бөлінген көшбасшылық идеясын жүзеге асыру; «Жас маман мектебі» шығармашылық зертханасының жұмысын жандандырып, жас маман-тәлімгер арасында өзара сенімділікке негізделген ынтымақтастық орта құру.
--	---------------------------	---

	<p>Мектептің магистранттарына бекітілген тәлімгерлердің жылдық жоспарының жүзеге асырылуын қадағалап, өзара тиімді жұмыс жүргізуге жағдай «Жетекші мектеп» жобасы аясында магниттік мектептермен әдістемелік оқыту, тәрбие жұмыс жүргізуде сеіктестік қатынастар орнату.</p>
«Білім берудің мазмұнын жаңарту» стратегиясы	<p>«Workshop. Бірге оқимыз» жобасының мақсаты: мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтеру, оқыту мен оқуда мұғалімдердің шеберлігін шыңдау, оқу әдістемесін жетілдіру, мұғалімдердің өзіндік дамуы және өзін өзі жетілдіруі үшін жағдай жасау, талантты, әлеуметтік белсенді мұғалімдерді қолдау, мұғалімдерді ынталандыру. «Workshop. Бірге оқимыз» жобасы аясында аудандық Workshop-та бастауыш сынып мұғалімі Г.Игембаева «Сахна тілі» таңдау курсы бойынша «Шешендік өнер-халық қазынасы» тақырыбында сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісті. Бастауыш сынып мұғалімі О.Искакова «Сөйлемдегі сөздердің байланысы. Өңгіме оқимын» тақырыбында Learning Apps қашықтықтан оқытуға арналған платформасын қолдана отырып сабақ өткізіп, тәжірибесімен бөлісті.</p> <p>«Зейін» жобасы негізінде 1-11 сынып оқушыларының оқу-жазу, жаратылыстану, математикалық функционалдық сауаттылықтарын дамыту арқылы, өмірге бейімдеу мақсатында әр сабақта және әкімшілік тарапынан бағалау кесінділері алынып отырды.</p>
Бейіндік оқытуда кәсіптік білімі мен өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін қалыптастыру	<p>«Мамандық әлемімен танысу» вариативтік курсы оқушыларға мамандығын таңдауына кәсіби бағыт-бағдар беру, түрлі мамандық өкілдерімен кездесулер өткізіп, кәсіби-бағдар беру жұмысын жандандыру. Кәсіби бағдар бойынша екі арнайы инженерлік және педагогикалық кабинет ашуға жұмыс жасау. Оқу жоспарының вариативті бөлігін құрастыруда оқушылардың және өз кентіміздің мамандарға сұраныс қажеттілігін негізге алу. Облыстық инновациялық жобаларға қатысуда нәтижеге жету;</p> <p>Оқушылардың бағыт-бағдар бойынша жеке жетістіктерін бақылау, бағалау үшін кәсіби бағдар беру бойынша «Үздік портфолио» байқауын өткізу;</p>
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында облыстық жобалар іске асырылуда	<p>Болашаққа бағдар - «рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық «Бір отбасы – бір кітап» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту. Азаматтың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды, отбасылық құндылыққа айналдыру. Отбасындағы балалардың жан дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту.</p> <p>«Өнегелі өмір» жобасы ұйымдастырылды. Мақсаты – мектеп оқушылары мен жетістік пен табысқа жеткен жерлестерімен кездесулерін ұйымдастыру. Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Өмірге дайындау, қоғамда, өмірде өз орындарын таба білуге баулу және кәсіби бағдарлау.</p>

	<p align="center">«Оқуға құштар мектеп» кітап оқуды дәріптеуге арналған облыстық жоба</p> <p>Мақсаты: Оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және сапасын арттыру, сондай – ақ ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани- адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту және мектеп оқушыларының интеллектуалды әлеуетін арттыру</p>																				
Мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасы	<p>Инклюзивті білім беру бойынша кабинетті толықтай жабдықтандыру (пандус,подъемник multykid, you talk, арнайы оқу құралдары, дамыту ойындары, арнайы жиһаз).</p> <p>Мектеп кітапханасының медиатекасын құру,компьютерлер санын көбейту, кітапхана қорын оқулықтармен,қазақ тіліндегі көркем әдебиет, анықтамалар мен энциклопедиялармен толықтыру.</p> <p>Кабинеттерді оқу әдістемелік материалдармен, интерактивті тақталармен қамтамасыз ету.</p> <p>2020-2021 оқу жылының басталуына байланысты 8 санитариялық-гигиеналық бөлмелер қайта жөнделіп, іске қосылды.</p> <p>Оның ішінде ЕОҚЕ оқушыларға арнап талаптарға сай дәретханаға реконструкция жүргізілді.</p> <p>Таза ауада денешынықтыру сабақтарын өткізу үшін шағын футбол-хоккей корты іске қосылды.</p> <table border="0"> <tr> <td>Ноутбук</td> <td>«Lenovo»</td> <td>30</td> <td>180000</td> <td>5400000</td> </tr> <tr> <td>12.04.2020</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Принтер</td> <td>28.04.2020</td> <td>1</td> <td>84000</td> <td>84000</td> </tr> <tr> <td>Инклюзивный кабинет</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>1000000</td> </tr> </table>	Ноутбук	«Lenovo»	30	180000	5400000	12.04.2020					Принтер	28.04.2020	1	84000	84000	Инклюзивный кабинет				1000000
Ноутбук	«Lenovo»	30	180000	5400000																	
12.04.2020																					
Принтер	28.04.2020	1	84000	84000																	
Инклюзивный кабинет				1000000																	

2. Әдістемелік-ұйымдастыру іс-әрекеті

Әдістемелік жұмыс тақырыбы: «Бөлінген көшбасшылықты жүзеге асыру арқылы, білім сапасын арттыруда, мектепшілік мәдениетінің жаңа деңгейін қалыптастыру».

Мақсаты: педагогикалық ұжымның ғылыми-зерттеушілік және шығармашыл әлеуетін, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасау арқылы, әдістемелік жетелеуді жүзеге асырып, оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру.

Міндеттері:

- 1) Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытуға ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету;
- 2) Педагогтердің кәсіби дамуына, шеберліктерін арттыруда өз білімін көтеруге тиімді ахуал туғызу;
- 3) Үштілдікті – білім беру мазмұнын жаңартудың басты факторларының бірі ретінде, «Көптілді ұстаз» жобасының мақсаттарын жүзеге асыру;
- 4) Мұғалімнің шығармашыл ізденісін қолдап, өз әдістемелік өнімін шығаруға, білімін жетілдіру арқылы үзіліссіз білім алуға жағдай жасау;
- 5) Педагогтардың ғылыми-зерттеу, эксперименталдық-инновациялық іс-әрекетін ұйымдастыру, педагогикалық мазмұндық қолдау жасау;
- 6) Мұғалімдердің инновациялық, жобалық іс-әрекет жасауына, зияткерлік-кәсіби сайыстарға қатысуын, БАҚ-да басылуын талап ету арқылы;
- 7) Жас және жаңадан келген мамандардың құзыреттіліктері қалыптасуына жағдай жасау;
- 8) Негізгі пәндерді меңгеруде жаңа талап қою арқылы, бақылау тәсілдерін, әдістемесін өзгерту арқылы оқушылар нәтижелері жоғарылату, функционалдық сауаттылықтарын арттыруды негізге алу.

Әдістемелік жұмыс – мектеп-лицейді басқару жүйесінде ерекше орынға ие және педагогикалық ұжымның, оқушылардың зияткерлік-мәдени және адамгершілікті әлеуетін жан-жақты дамытуға, қажетті педагогикалық құралдарды апробациялаумен енгізуге бағытталған.

Заманауи білім беру идеяларын жүзеге асырылуын мақсат еткен педагогикалық ұжым, өз іс-әрекетінде заманауи талаптарға сай ұйымдастырады:

- әдістемелік апталық, он күндіктер;
- аудандық, облыстық деңгейдегі семинарлар;
- оң, озық тәжірибені айқындау, жалпылау және тарату;
- мұғалімдер құрамының жалпы педагогикалық мәдениетін көтеру.

Әдістемелік жұмыстың мазмұны:

- шынайы қажеттілік пен кәсіби қызығушылықты білдіретін мектеп-лицейдің әдістемелік тақырыбы мен жұмысы;
- аттестаттау механизмі арқылы, педагогтердің өз бетімен білім алуын және өзін-өзі дамытудың әдістемелік сүйемелдеуі;
- тестілік және диагностикалық базаны енгізу арқылы, білім үдерісіне мониторинг жүргізу жүйесін әзірлеу;
- білім беру мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін әзірлеу, талдау және енгізу.

Әдістемелік жұмыстың түрлері мен бағыттары:

- пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құру;
- әдістемелік әзірleme-жеке тақырыпты, бөлімді, немесе жалпы оқу пәнін меңгеру әдістемесін ұйымдастыру;
- әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулар, дидактикалық материалдар, оқу бағдарламалары және сын-пікірлері және т.б.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары:

- облыстық, аймақтық және республикалық біліктілік арттыру институттарының жұмысына қатысу арқылы, біліктілікті арттыру;
- әдістемелік кенес;
- әдістемелік жиналыстар;
- жас педагог мектебінің жұмысы;
- педагогикалық жұмысының инновациялық тәжірибесін меңгеру, жалпылау және меңгеру;
- пән апталықтары мен олимпиадалары;
- педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысу;
- ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу.

2021-2022 оқу жылында: Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының тапсырысымен 2021 жылдың 6 желтоқсанынан бастап оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған апталықтар өткізілді.

Мақсаты: функционалдық сауаттылықты дамыту үшін жағдай жасау, білім сапасын арттыру, нақты өмірлік жағдайларда оқушылардың функционалдық дағдыларын қалыптастыру саласында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ата-аналар қауымдастығы, отбасы және балабақша мен мектепті бірлескен қызметке тарту.

Апталықтар ережеге және өткізу кестесіне сәйкес өткізілді:

№	Атауы	Өткізу күні
1.	«XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!» оқу сауаттылығы апталығы	17-22.01.2022
2.	«Математика біздің айналамызда» математикалық сауаттылық апталығы	24-29.01.2022
3.	«Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылық апталығы	01-04.02.2022

4.	«Құқықтық навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы	07-12.02.2022
5.	«Денің саудың-жаны сау» сауатты өмір салты апталығы	16-26.02.2022
6.	«Қаржы әлемі» қаржылық сауаттылық апталығы	14-19.02.2022
7.	«Жасыл Қазақстан» экологиялық сауаттылық апталығы	18-23.04.2022
8.	«Шеберлер әлеміне саяхат» эстетикалық сауаттылық апталығы	19-24.04.2022
9.	«Тарих толқынында» тарихи сауаттылық апталығы	06-11.12.2021

Қарағанды облысының ББД ОӘО орталығының ұйымдастыруымен функционалдык сауаттылыққа облыстық 9 апталық өтті. Бұл апталықтарға мектеп ұжымы белсене қатысты. Апталық барысында оқушылардың функционалдык сауаттылығын дамытуға және алған білімдерін практикада қолдана білуге мүмкіндік беретін тиімді жұмыс тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу мақсатында сынып сағаттары, үздік жарнамалар, 3 минуттық видео-репортаждар, челленждар, Kahoot тесттар, бестік диктанттар, тесттар, эссе байқауы, танымдық сайыстар, квест ойындары, зияткерлік сайыстар, шешендік өнер сайысы, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек стол, буктрейлер, сахналық қойылымдар, фотоакциялар, «кітапалмастыру» акциясы, экскурсиялар, пікіралмасулар, кітап фестивалы, жоба дизайнер байқауы, кітап фестивалі, дебаттар, саптық жиындар, ребустар сайысы, сөзжұмбақ байқауы, оқушы жобаларының байқауы, шығармашылық жұмыстар байқауы, эссе байқауы, кездесулер, мектеп тарихына саяхат, әңгіме-сұхбаттар, фильмдер көру, әңгімелесу талқылаулар, танымдық ойындар, іскерлік ойындар, суреттер көрмесі, бейнероликтер конкурсы, олимпиадалар, плакаттар конкурсы, әдеби-құқықтық викториналар өз мәнінде өтіп, оқушылардың функционалдык сауаттылығын дамытуға зор үлес қосты.

Әр кафедраның жыл бойы атқарған жұмыстарына тоқталатын болсақ:

Инженерлік-техникалық пәндер кафедрасының жыл бойы атқарған жұмыстары.

Жаңа оқу жылын 20 мұғалім 100% жұмыс істеумен бастады. Кафедра мұғалімдерінің сапалық құрамы педагог-зерттеуші 3 мұғалім 15%, жоғарғы санатты 3 мұғалім 15%, педагог-сарапшы 3 мұғалім 15%, II санатты 3 мұғалім 15%, модератор 3 мұғалім 15%, санаты жоқ 5 мұғалім 25% құрайды. Барлығы жоғары білімді 100%. Информатика пәні мұғалімі Мужтабина Ж.А. магистр. Орта жаста 7 мұғалім 35%, жастар 13 мұғалім 65%-ды құрайды. Ахметова Г.А. 2 пәннен (математика, физика) сабақ береді. 19 мұғалімнің апталық жүктемесі 16 сағат, Шинибекова Г.Ж. физика пәні мұғалімінде 24 сағат. 8 мұғалім сынып жетекшілік міндетін атқарады. Математика пәні мұғалімдері 11, физика пәні мұғалімдері 3, информатика пәні мұғалімдері 6.

II жартыжылдықтың қаңтар айында математика пәні мұғалімі модератор Тілеуғабыл А.Е. Нұр-Сұлтан қаласына қоныс аударды. Қазір кафедра мұғалімдері 19, 1-еуі баламен үйде отыр, жұмыс істеп жүргені 18. Жылдың сонындағы сапалық құрамы педагог-зерттеуші 3 мұғалім 16%, жоғарғы санатты 3 мұғалім 16%, педагог-сарапшы 5 мұғалім 26%, модератор 5 мұғалім 26%, санаты жоқ 3 мұғалім 16% құрайды. Барлығы жоғары білімді 100%. Орта жаста 7 мұғалім 37%, жастар 12 мұғалім 63%-ды құрайды. Математика пәні мұғалімдері 10.

Тамыз айында кафедра отырысында инженерлік-техникалық пәндер кафедрасының мұғалімдері 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар мазмұнымен таныстырылды. Әдістемелік хаттың мазмұны бойынша, 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепалды даярлық және білім беру ұйымдарының 1-11-сыныптарында (атап айтқанда, «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Физика», «Информатика» пәндері бойынша) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жүргізілетінін талқыға салды.

2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Оқу жылының бірінші және екінші аптасында математика пәнінен 5-7 сынып оқушыларынан, алгебра пәні бойынша 8-10 сынып оқушыларынан, алгебра және анализ бастамалары пәнінен 11

сынып оқушыларынан, геометрия пәні бойынша 8-11 сынып оқушыларынан, физика пәні бойынша 8-11 сынып оқушыларынан, информатика пәні бойынша 5-11 сынып оқушыларынан кешенді диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, сараптама жасалды. Сараптама нәтижесінде барлық пәндер бойынша өткен оқу жылында жіберілген олқылықтар анықталып, күнтізбелік сабақ жоспарында мақсаттары ұқсас барлық тақырыптар біріктірілді.

www.sanaq.gov.kz мамандандырылған сайтта халық санағы бойынша Интернет-сауалнамадан өтіп, еліміздегі халық санағына белсене қатысты.

Білім сапасын көтеру мақсатында пән мұғалімдері тарапынан үлгерімі төмен оқушылармен, резервтегі оқушылармен жұмыс жоспары жасалып, әр сенбі күндері қосымша сабақтар жүргізілді. 5-11 сынып оқушыларынан математика пәні бойынша I және II тоқсандағы тақырыптардан білім кесіндісі алынды. «Зейін» жобасы аясында математикалық сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар дайындалып, 5-8 сынып оқушыларынан алынды. ББЖМ бойынша математика, физика, информатика пәндерінен тапсырмалар дайындалып 9 сынып оқушыларынан алынды. Бұл жұмыстар алдағы тоқсандарда жалғасады.

Шинибекова Г.Ж., Гремякова Л.Н. педагог-зерттеушіге, Труфанова Л.Н., Райымбекова Д.М. педагог-сарапшыға, Мүкүш А.Е., Төлеукадыр Ә.Ж., Тулеуова И.Б., Ахниетова Ж.Н., Тоқмади Б.Е., Таймагамбетова А.С. модератор біліктілікке өту үшін Ұлттық біліктілік тестілеуге тіркеліп, сынық тапсырып I кезеңінен сәтті өтті. Нәтижелі жетістіктері II кезеңіне лайықты болып, Труфанова Л.Н., Райымбекова Д.М. педагог-сарапшыға, Тулеуова И.Б., Ахниетова Ж.Н., Таймагамбетова А.С. модератор біліктілікке яғни жаңа біліктілікке ие болды.

Мамыр айында Шинибекова Г.Ж., Гремякова Л.Н. педагог-зерттеуші санатын, Мүкүш А.Е., Төлеукадыр Ә.Ж., Тоқмади Б.Е., педагог-модератор санатын беруге яғни II кезеңінен өту үшін pedat.bilimal.kz сатына қажетті құжаттарын электронды тіркеді. Құжаттары қабылданып, комиссияда қаралуда, нәтижесі күтілуде.

11.11.21 күні ZOOM арқылы математика пәні мұғалімі Жаппарова Ф.Т. 6 «В» сынып «Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері» тақырыбында облыстық көлемде воркшоп сабағын өткізді. LearningApps.org білім платформасында «Математикалық диктант», «Жұбыңды тап» тапсырмаларын әзірлеп, облыс пән мұғалімдеріне ұсынды. Пән мұғалімдері жіберілген сілтеме арқылы кіріп, тапсырмаларды орындады. Padlet виртуальды тақтасында есептер шығарды.

Мүкүш А.Е., Тоқмади Б.Е., Төлеукадыр Ә.Ж. «Инклюзивті аралас оқыту» тақырыбында 14 сағаттық онлайн курс оқып, сертификат алды. Математика пәні мұғалімі Мүкүш А.Е. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру» 80 сағаттық курсты онлайн режимінде оқып, сертификат алды. Математика пәні мұғалімі Гремякова Л.Н. 09.03-18.03.22 аралығында 80 сағаттық «Развитие математической грамотности учащихся в рамках проведения международного исследования PISA» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті. Физика пәні мұғалімі Шинибекова Г.Ж. 11.04-22.04.22 аралығында жаратылыстану пәндері мұғалімдеріне арналған 80 сағаттық «PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында, 16.05-27.05.22 аралығында физика пәнінің мұғалімдеріне арналған 80 сағаттық «Развитие профессиональных компетенций учителя физики» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтіп келді.

Кафедра мұғалімдерінің жетістіктері: Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» аудандық кезеңіне математикадан Гремякова Л.Н., Труфанова Л.Н., Төлеукадыр Ә.Ж., Тоқмади Б.Е., Мүкүш А.Е., физикадан Жекебай А., информатикадан Райымбекова Д.М., Ахниетова Ж.Н., Таймагамбетова А.С. қатысып, Труфанова Л.Н., Жекебай А., Райымбекова Д.М. Диплом I орынды иеленіп, облыстық кезеңіне өтті. Ал Гремякова Л.Н. Диплом II орын, Ахниетова Ж.Н. Диплом III орынды иеленді. Жекебай Аманжол –Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» аудандық кезеңі Диплом I орын, Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» облыстық кезеңі

Диплом III орынды иеленді. Алдағы уақытта республикалық деңгейіне қатысады. Аудандық семинарда өткізген №10 зертханалық жұмыс «Көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспары «Мәртебелі ұстаз 2020» атты республикалық байқауының материалдар жинағына шықты. Алиманова Акмарал Ргебаевна - 2021 жылы Шет ауданының білім бөлімі Білім беру қызметкерлерінің Тамыз кеңесі «Білім сапасы: қолайлы жағдайдан – тиімді нәтижеге» тақырыбында өткен секциялық отырыс жұмыстарына белсене қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Труфанова Любовь Николаевна - Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» аудандық кезеңінен Диплом I орынды алды. Гремякова Людмила Николаевна - Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» аудандық кезеңінен Диплом II орынды иеленді. Мельник Дмитрий Владимирович – Республикалық VI робототехника бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі Диплом III орын. Райымбеова Динара Мейіржанқызы - Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» аудандық кезеңінен Диплом I орынды, Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» облыстық кезеңінен Бас жүлдені ұтып алды. Алдағы уақытта республикалық деңгейіне қатысады. «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты VII ашық Республикалық байқауынан «Компьютерлік презентация» номинациясы бойынша жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат алды.

Ахниетова Жанерке Нурланқызы - Қарағанды облысы білім басқармасы «Математика, физика және информатика пәндерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының» аудандық кезеңі Диплом III орын, «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты VII ашық Республикалық байқауынан «Компьютерлік презентация» номинациясы бойынша жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат алды.

Таймагамбетова Айгуль Серикбаевна - Республикалық VI робототехника бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінен Диплом III орынды иеленсе, «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты VII ашық Республикалық байқауынан «Компьютерлік презентация» номинациясы бойынша жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат алды. Мүкүш Аерке Ерғалиқызы «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты VII ашық Республикалық байқауынан «Компьютерлік презентация» номинациясы бойынша жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат алды. Таймагамбетова Айгуль Серикбаевна - Республикалық VI робототехника бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінен Диплом III орынды иеленсе, «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты VII ашық Республикалық байқауынан «Компьютерлік презентация» номинациясы бойынша жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хат алды.

Математика пәні мұғалімдеріне арналған «Математикалық регата» олимпиадасына қатысып, белсенділік танытқаны үшін Сулейменова Б.К. сертификатпен марапатталды.

Кафедра мұғалімдерінің марапаттары:

Физика пәні мұғалімі Жекебай Аманжол Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға және өскелең ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі қол жеткізген табыстары үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің Грамотасымен марапатталды. Математика пәні мұғалімі Алиманова Акмарал Ргебаевна «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы» мерекесі қарсаңында Шет ауданының білім саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Шет ауданы білім саласының құрметті қызметкері» төсбелгімен (№150 10.12.21) марапатталды. Математика пәні мұғалімі Тоқмади Б.Е. Ақтау қаласында өткен «Ақ бидай» республикалық VII ауыл спорты ойындарында жалпы командалық есепте «Тоғызқұмалақ» спорт түрі бойынша III орынға ие болғаны үшін Дипломмен марапатталды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Saryarka» онлайн Спартакиада бағдарламасындағы тоғызқұмалақ жарысында I орынға ие болғаны үшін Мадақтамамен марапатталды. Қазақстан Республикасының спорт Күніне арналған облыстық «Saryarka» онлайн Спартакиада бағдарламасындағы тоғызқұмалақ жарысында I орынға ие болғаны үшін

Мадақтамамен марапатталды.Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған педагогтер арасындағы Жезқазған аймақтық тоғызқұмалақ турнирінде жүлделі I орын иеленгені үшін Дипломмен марапатталды 2021ж. Тоғызқұмалақтан Салалық кәсіподақтың әйелдер арасындағы республикалық турнирінің II орын иегері болып, Дипломмен марапатталды.

Математика, физика, информатика пәндері бойынша оқушыларымыздың жетістіктері:Жалпарова Фарида Тухметоллаповна - Жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі II орынды 8 «Б» сынып оқушысы Елеубек Нұртілеу алса, III орынды 8 «Б» сынып оқушысы Қуанов Әмірлан алды.Шинибекова Гүлмира Жанабаевна – Жалпы білім беретін мектептің физика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен I орынды 9 «А» сынып оқушысы Ерлан Бүлдірген иеленді.Сартаева Гүльнар Каскатаевна - Жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен II «А» сынып оқушылары Мәулен Ақниет I орынды, Нығмет Әділет пен Сапуанова Нұрай II орынды жеңіп алса, Әлімхан Рулан 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық Лингвистикалық олимпиаданың математика пәні бойынша аудандық кезеңінен II орын иеленді.Жекебай Аманжол – Жалпы білім беретін мектептің физика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен 8 «А» сынып оқушылары Қабыкен Елдар мен Сағынғали Әділет, 10 «А» сынып оқушысы Дулат Әділет, 11 «А» сынып оқушысы Әлімхан Рулан I орынды алды, 9 «Б» сынып оқушысы Ақылқызы Аяулым II орынды алды. Ал 11 «А» сынып оқушысы Казисхан Самал жаратылыстану-математикалық бағыттағы физика пәні бойынша XIV Президенттік олимпиаданың аймақтық кезеңінен II орын иеленді.Сұлейменова Бибигүль Каригуловна - Жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен 10 «А» сынып оқушылары Аяпбергенова Айбиби I орынды, Аманова Сабина III орынды, 9 «А» сынып оқушылары Жалғасова Дамира мен Мертай Томирис II орынды алды. 10 «А» сынып оқушысы Нұрлан Сезім 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық Лингвистикалық олимпиаданың математика пәні бойынша аудандық кезеңінен II орынды иеленді.Алиманова Акмарал Ргебаевна - 9 «В» сынып оқушысы Мұратов Мирас жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен I орын алды.Бимакаева Гүлмира Жуматовна – 8 «Г» сынып оқушылары Қайратжан Жансая мен Молдаш Алдияр жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен III орын алды. Тілеуғабыл Акерке Ерболқызы - Жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен 8 «А» сынып оқушылары Мусахметова Айбиби мен Мыңбаева Нұрайым I орынды, Қағыбалы Әділ мен Қалижан Айғаным II орынды алды.Гремякова Людмила Николаевна - 8 «Д» сынып оқушысы Ким Наталия жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі I орын, 11 «Г» сынып оқушылары Пестрикова Кристина I орын, Труфанов Данил II орын алды.Труфанова Любовь Николаевна - жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен 9 «Д» сынып оқушылары Ермек Алина I орын, Ким Виктория II орын, 10 «Г» сынып оқушысы Мингазов Эльдар I орынды алды.Тулеуова Индира Бергеновна – Жалпы білім беретін мектептің информатика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінде 8 «В» сынып оқушысы Махмутов Ақылжан I орын, 11 «А» сынып оқушылары Тасболатов Мәди I орын, Рақымжан Еренғайып II орын алды.Ахниетова Жанерке Нурланқызы – 9 «Г» сынып оқушысы Сұлейменова Раушан жалпы білім беретін мектептің информатика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен III орынды алды.Ахметова Гүльнара Амирхановна – Жалпы білім беретін мектептің физика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңінен II

«Г» сынып оқушылары Барышникова Камила I орынды, Әділетұлы Әділ II орынды алды. Төлеукадыр Әйгерім Жұмажанқызы – 5-6 сынып оқушылары арасында VI облыстық «Clever-2020» олимпиадасының облыстық кезеңіне 6 «Б» сынып оқушысы Орын Шыңғыс қатысып, II орынды иеленді. 6 «Б» сынып оқушысы Қайратова Рауана жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысып, I орынды иеленді. Таймағамбетова Айгуль Серикбаевна - Республикалық VI робототехника бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестиваліне 5 «В» сынып оқушылары Қуат Алдияр және Сайлауов Темірлан қатысып, III орынға ие болды. Райымбекова Динара Мейіржанқызы - Жалпы білім беретін мектептің информатика пәні бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне 11 «Б» сынып оқушысы Шынасыл Аңсар және 9 «В» сынып оқушысы Саяхатов Нұрсейіт I орынды, 9 «А» сынып оқушылары Ерғалы Сұлтан және Қуанышбай Мәди II орынды, 9 «Б» сынып оқушысы Қайсар Алмаз және 11 «В» сынып оқушысы Аманбай Дильназ III орынды алды. Мельник Дмитрий Владимирович – Республикалық VI робототехника бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестиваліне 11 «А» сынып оқушылары Әлімхан Рулан және Қамбаров Нұрасыл қатысып, III орынға ие болды.

«Математиканың таңдаулы сұрақтары» вариативті курсы 10А, 10Б, 10В, 11А, 11Б, 11В, «Алгебра мен геометрияның таңдаулы сұрақтары» вариативті курсы 7А, 7В, 7Г, 8А, «Шығармашылық ойлауын дамыту» вариативті курсы 6А, 6Б, 6В, «Избранные вопросы математики» вариативті курсы 11Г, «Решение физических задач» вариативті курсы 9Д, 11Г, «Занимательная физика» вариативті курсы 8Д, «Избранные вопросы алгебры и геометрии» вариативті курсы 8Д, «Медиасауаттылық» вариативті курсы 8А, 8Б, 8В, 8Д, «ІQақыл-ой дамыту» вариативті курсы 6Г, 8А, «Үштұғырлы физика» вариативті курсы 7А, 10А, 11А, «Физика есептерін шешу» вариативті курсы 11А, «Робототехника» вариативті курсы 5А, 6А, 7А, 9А, «Болашақ инженерлері» вариативті курсы 8Г, «Инженеры будущего» вариативті курсы 8Д, 9Д, «Медиаграмотность» вариативті курсы 8Д, «Сандар әлеміне саяхат» вариативті курсы 5А, 5Б, 5Г сыныптарында аптасына 1 сағат жүргізіледі. Оқу жылының I жартыжылдығында математика пәнінен қабілеттері жоғары оқушыларды олимпиадаға дайындау мақсатында «Алтын сақа» курсы 0,25 сағат беріліп, оны математика пәні мұғалімі Тілеуғабыл А.Е. жүргізсе, II жартыжылдығында Мұқұш А.Е. жүргізді. Математика пәні мұғалімі Труфанова Л.Н. магистратураға түсіп, грант иегері болды.

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастырылуымен 2022 жылдың 24 – 29 қаңтар күндері аралығында «Математика айналамызда» атты математикалық сауаттылық апталығы өткізілді. Жоспар бойынша аптаның әр күнінде әр түрлі іс шаралар өтті. Өткізілген іс-шаралар бойынша жұмыс күнінің соңында қорытынды жасалып, инстаграмға жүктеліп отырды. Фойе безендіріліп, 1-ші күні апталықтың ашылуы болды. Жауапты кафедраның математика пәні мұғалімдері: Сулейменова Б.К., Токмади Б.Е., Мұқұш А.Е. Төлеукадыр Ә.Ж., Сартаева Г.К. Жаппарова Ф.Т. болды. Математикалық сауаттылық күніне арналған 1-11 сыныптар арасында "Математика адам өмірінде", " Сандар күні", «Сандарды қалай дұрыс қолдану керек?» тақырыбында сынып сағаттары жүргізілді.

2-ші күні байқаулар: 1-4 сыныптар арасында Математикалық ребустар, сөзжұмбақтар сайысы "Мен математикамен доспын" жауапты мұғалім бастауыш сынып мұғалімі Муханова А.А., 5-7 сыныптар арасында «Мен және менің отбасым жобасы» оқушының жобалар байқауы, 8-9 сыныптар арасында "Менің өмірімдегі Математика» математика бойынша шығармашылық жұмыстар байқауы, жауапты математика пәні мұғалімі Жаппарова Ф.Т. 10-11 сыныптар арасында «Математикасыз өткен бір күн " эссе байқаулары, жауапты математика пәні мұғалімі Бимақасва

Г.Ж. болды.3-ші күні кездесулер, саяхаттар: Математика саласында жоғары сынып оқушыларымен кездесу "Өнегелі өмір" жобасы аясында» 1-4 сынып оқушылары мектебіміздің түлектері «Алтын белгі», «Үздік аттестат» үміткерлерімен онлайн кездесу өткізді. Кездесуді бастауыш сынып мұғалімдері Искандирова Ф.М. мен Жумабекова Ж.О. ұйымдастырды. 5-9 сынып оқушылары мектебіміздің ұлағатты ұстазы, математика пәнінің мұғалімі, зерттеуші-педагог, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Г.К.Сартаевамен ZOOM платформасында кездесу өткізді, ұйымдастырған математика пәні мұғалімі Төлеуқадыр Ә.Ж. Оқушылар Ұлағатты ұстазға қызықты сұрақтар қойып, белсенді қатысты. Гульнар Каскатаевна өмірбаянын айтып, бақытты балалық шағын бір мәрте есіне алды.10-11 сынып оқушылары ЖОО-на онлайн саяхат жасады, ұйымдастырған математика пәнінің мұғалімі Сартаева Г.К. болды. Каникулда жүрген студенттеріміз де шақырылды. 4-ші күні 1-4 сынып оқушыларымен "Қызықты сандар мен фигуралар", "Сандар кіммен дос?", "Мамандықтағы математика" тақырыптары бойынша әңгіме-сұхбат өткізілді, 5-7 сынып оқушылары Сандар мен олардың мағыналары туралы «Бір саны қайдан пайда болды» фильмін көрді, 8-9 сынып оқушылары "Математика және өркениеттің гүлденуі" атты сандар мен олардың мағыналары туралы фильмдер көрді, 10-11 сынып оқушылары "Адам өміріндегі сандардың маңызы» әңгіме, талқылаулар өткізді.5-ші күні 2-4 сынып оқушыларымен "Ойшылдар және ақылдылар" танымдық ойынын бастауыш сынып мұғалімі Мельник О.О., 3-4 сынып оқушыларымен «Математика дамуындағы Қазақстан ғалымдары» іскерлік ойынын бастауыш сынып мұғалімдері Смаилова Ж.А. және Шиганбаева Г.К. өткізді.5 сынып оқушыларымен «Математикалық викторина» танымдық ойынын математика пәні мұғалімі Труфанова Л.Н. өткізді, ал 6-7 сынып оқушыларымен қыс айының шуақты күнінде, таза ауа далада «Математикалық регата» танымдық ойыны математика пәні мұғалімдері Мүкүш А.Е.6 Төлеуқадыр Ә.Ж., Тоқмади Б.Е. өткізді.

8-9 сынып оқушыларымен «Әр күнге арналған Математика» математикалық квест-ойынын математика пәні мұғалімі Алиманова А.Р. ал 10-11 сынып оқушыларымен математика пәні мұғалімдері Сартаева Г.К., Сүлейменова Б.К., Бимақаева Г.Ж. өткізді. 6-шы күні 2-4 сынып оқушыларымен «Математика әлемі балалар көзімен " суреттер көрмесін бастауыш сынып мұғалімдері Жумабаева А.О., Мукужанова Т.Р., Каракекилова ұйымдастырды. Шебер жас суретшілеріміз марапатталды. Апталықтың жабылуы болып, атқарылған жұмыстарға қорытынды жасалып, апталықта белсенді қатысқан сыныптар, белсенді қатысқан оқушылар марапатталды. 5-7 сыныптар арасында өткен «Мен және менің отбасым» оқушылар жобалары байқауының жеңімпаздарын, 8-9 сыныптар арасында өткен «Менің өмірімдегі Математика» шығармашылық жұмыстар байқауының жеңімпаздарын, 10-11 сыныптар арасында ұйымдастырылған «Математикасыз бір күн» эссе байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімдері болды.31 қаңтар мен 4 ақпан аралығында «Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылығын дамыту апталығы өтті. 31 қаңтарда фойе безендірілді. 1-ші ақпанда сынып сағаттары өткізілді: 9-11 сынып оқушыларымен «Компьютерлік тәуелділік қауіптері, виртуалды әлемге деген құштарлық» тақырыбында сынып сағаттары, жауапты информатика пәні мұғалімдері Ахниетова Ж.Н., Райымбекова Д.М. болды, 3-4 сынып оқушыларымен «Достық интернет», «Цифрлық әлемнен өзінді қалай қорғайсың?» тақырыбында сынып сағаттарын, жауапты бастауыш сынып мұғалімдері Сыздықова З.С. және Муханова А.А.өткізді, 6 сынып оқушыларымен «Біз ХХІ ғасырға қалай келдік» тақырыбында сынып сағаттары, жауапты информатика пәні мұғалімдері Таймагамбетова А.С., Тулеуова И.Б. өткізді.2-ші ақпанда информатика пәні мұғалімі Ахниетова Ж.Н. 3 «А» сыныбында «Күжатты рәсімдейміз» тақырыбында ашық сабақ берді. 3 сынып оқушылары мәтіндік редакторда тапсырмаларды сауатты орындады, сабақ қойылған мақсатына жетті. 8 «А» сыныбында

информатика пәні мұғалімі Тулеуова И.Б. "Continue циклін басқару" тақырыбында ашық сабақ өткізді. 8 сынып оқушылары бағдарлама құрып, компьютерде терді. Бағдарлама оң нәтижесін берді. 3-ші ақпанда информатика пәні мұғалімі Райымбекова Д.М. ZOOM платформасында мұғалімдер арасында «Белсенді оқыту әдістерінің мысалдары» шеберлік сағат өткізді. 5-6 сынып оқушылары арасында «Менің цифрлық әлемім» суреттер байқауы, 10-11 сынып оқушылары арасында «Юные IT - ШНИК» челлендж ұйымдастырылды. 4-ші ақпанда "HTML web-сайттарын әзірлеу" әдістері воркшопын Райымбекова Д.М. мұғалімдер арасында көрсетті. Өткізілген іс-шаралар фейсбукке, инстаграмға жіберіп отырды. Қарағанды облысының білім басқармасының ұйымдастырылуымен өткен «Мектептегі математикалық білім беру: жағдайлары, проблемалары, ұсыныстары» атты форумға математика пәні мұғалімі Сартаева Г.К. қатысып келді. Форумда айтылған проблемаларды кафедра мұғалімдеріне жеткізді. Математикадан 5-6 сынып оқушылары арасында өтетін Мәжит Аманкүлұлы Әбдіров атындағы олимпиадаға іріктеу мақсатында 5-6 сынып оқушылары арасында мектепшілік олимпиада ұйымдастырылды. Жеңімпаз оқушылар марапатталды.

2022 жылғы 15 сәуірде «Дарын» ММИ және Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің математика және ақпараттық технологиялар кафедрасымен бірлесіп Т.Ғ.Мұстафин атындағы «IX Математикалық бәйге» сайысына Шет ауданының атынан біздің мектептен 4 оқушыдан тұратын екі топ «Болашақ» және «Радикал» қатысқан болатын. «Радикал» тобы II орынды иеленді. Пән мұғалімі Гремякова Л.Н. 9.04.2022 күні инженерлік-техникалық пәндер кафедрасының математика, физика, информатика пәні мұғалімдерінің қатысуымен, жобаға қатысатын 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен ғылыми жобалар конкурсы өткізілді. Кафедра мұғалімдері: Сартаева Г.К., Шинибекова Г.Ж., Ахметова Г.А., Алиманова А.Р., Сулейменова Б.К., Жаппарова Ф.Т., Бимакаева Г.Ж., Труфанова Л.Н., Таймагамбетова А.С., Райымбекова Д.М., Тулеуова И.Б., Мұқұш А.Е., Токмади Б.Е., Төлеукадыр Ә.Ж. оқушылардың жобаларын тыңдады. Сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды, кемшіліктері ескертілді. Жобаға қатысқан оқушылардың бойынан таңдаған тақырыбына қызығушылықтарының бар екендігі байқалды. Әділқазылар мүшелері: Төрайымы Ахметова Г.А. математика пәні мұғалімі, педагог - зерттеуші.

Мүшелері:

- Шинибекова Г.Ж. - физика пәні мұғалімі, жоғары санатты.
- Труфанова Л.Н. – математика пәні мұғалімі, педагог – сарапшы.
- Райымбекова Д.М. – информатика пәні мұғалімі, педагог – сарапшы.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі А.Р.Алиманованың 9 «В» сынып оқушысы Мұратов Мирас «Нумерологияның адам өміріндегі маңызы» атты тақырыпта жобасын қорғады. Жобасының мақсаты: Нумерология ғылымының адам өміріндегі маңызын түсіну. Бұл жобада бүгінгі адам сандарсыз өмірін елестете алмайтыны анық. Жан-жағымызға қарасақ сандар тек қана математикада емес, тағы басқа көптеген ғылымдарда да маңызы зор. Қарап отырсақ осы керекті 10 сан болмаса біз телефон да соға алмаймыз. Адамның туған жылы, айы, күні арқылы оның өмірлік санын табу. Осы жерде мұғалімнің, оқушының тағдар санын анықтады. Мысалы «27-шілде, 1962 жылы» дейік. Олай болса, осы сандарды бір-біріне қосыңыз. Қосындыны тағы бір-біріне қосыңыз. Шыққан жалғыз сан-сіздің Тағдыр саныңыз.

Мысалы: $2+7+0+7+1+9+6+2=34$. $3+4=7$. «7» - Сол кісінің тағдыр саны.

Жетекшісі физика пәні мұғалімі А.Жекебайдың 8 «А» сынып оқушысы Қабыкен Елдар «Детекторлы радио қабылдағыш» тақырыбында жобасын қорғады. Мақсаты: Детекторлы

радиоқабылдағыштың құрылымы мен жұмыс істеу қағидасын түсіну; қолжетімді бөлшектермен детекторлы қабылдағыш құрастыру, электромагниттік толқындарды тарату және қабылдау процесін практика жүзінде жүзеге асыру.

Қазіргі заманғы электротехникалық, радиоэлектроникалық құрал-жабдықтардың физикалық негізін түсіне білсек олардың жұмыс істеу принципі түсіну әрекетін көп жеңілдетуге болатынына көз жеткізуі туралы таныстырып өтті. Жетекшісінің көмегімен L1 орамасы және C1 сыйымдылығы айнымалы конденсатордан тұратын тербелмелі контурға жалғанған антенна мен жерқосқыштан, детектор қызметін атқаратын VD1 диодынан, C2 конденсаторы мен BF1 лингафоннан тұратын ең қарапайым детекторлы қабылдағыштың сұлбасын құрастырған.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі Б.Е.Токмадидің 6 «А» сынып оқушысы Құрманбай Ислам «Біздің өміріміздегі пайыздардың мәні мен маңызы» тақырыбында жобасын қорғады. Жобасының мақсаты: Пайыздың қайда және қалай біздің өмірімізде қолданылатынын анықтау. Тарихтың пайыздардың пайда болғанын қалай дәлелдейтінін түсіну. Адамдардың пайыз туралы білімдерін, пайыздардың маңызын түсіндіру, әрі экономикалық сауаттылықтарын арттыру, пайыздық есептер арқылы және әр салада қолданылуы арқылы кеңейту. Пайыз туралы адамдардың ой-пікірін зерттеу. Пайыздық есептерді шығарудың бірнеше оңай тәсілдерін қарастыру. Тұрғындарға несие алардан бұрын бір жылдық өсіммен қанша пайызға қайтаратынын біліп алу маңызды екендігін айтты. Ол үшін пайыз табуды меңгерген абзал.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі Ә.Ж.Төлеуқадырдың 6 «Б» сынып оқушысы Әмірғалиева Жанерке және математика пәні мұғалімі А.Е.Мұқұштың 6 «Г» сынып оқушысы Мұхтар Амира бірігіп «Қызықты математика әлемі және менің сүйікті фигураларым» атты жобасын қорғады. Мақсаты: Қызықты математика әлемін және фигураларды оқу мен дәріштеу және насихаттау. Халық өлшемдерінің негізгі түрлерімен таныстырды. Халқымыз салмақ өлшемдерін былайша жіктеген: мысқал (0,4г), қадақ (750 г), келі (1 кг), пұт (16 кг), батпан (100 кг). Егер сіз туған жылыңыздың қазақша қай жыл аттарына сәйкес келетінін білгіңіз келсе: Туған жылыңа 9 – ды қосып, 12 – ге бөлгендегі қалған қалдығы өзіңіздің туған жылыңыз (қазақша) болып шығады. Қатысып отырған тыңдармандардың жылын анықтады. Г.А.Ахметованың туған жылы «Доңыз» екен.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі Б.Е.Токмадидің 6 «А» сынып оқушысы Жұмағай Дамира «Tog'uzqumalak oi'ununyn – balanyn tanymdyq qabiletin arttyru'dag'y roli» атты тақырыбында жобасын қорғады. Жобасының мақсаты тоғызқумалақ ойынының бала қабілетіне тигізетін әсері мен оның ерекшелігі. Осы жоба арқылы тоғызқумалаққа қатысып жүрген балалардың оқу үлгерімі жоғары болатынын айтты, себебі баланың ойлауы жүйрік, есептеуі шапшаң қабілеттері артады. Әр қалаларға жарыстарға қатысып, жеңістерге жетеді.

Жетекшісі информатика пәні мұғалімі А.С.Таймағамбетованың 5 «В» сынып оқушысы Ашимова Сезім «Ақпаратты кодтау және кодтың өмірде қолданылуы» тақырыбында жобасын қорғады. Сезімнің мақсаты өз сыныптастарына, ауыл тұрғындарына осы жоба арқылы ақпаратты кодтаудың маңызыдылығын жеткізе отырып, тұрмыстық жағдайларда кодтар кездескенде, қолдана білулері үшін ақпарат беру. Мысалы: мынадай 7290000494616 штрих код берілген

Штрих кодтың жұп орындарында тұрған цифрларды қосу:

1) $(7290000494616): 2+0+0+4+4+1=11$

2) Шыққан санды 3-ке көбейту: $11 \times 3=33$

3) Штрих кодта тақ орындарында тұрған цифрларды бақылау цифрынан басқа қосып шығу: $7+9+0+0+9+6=31$

4) 2 және 3 пункте есептелген сандарды қосу: $33+31=64$

5) Шыққан саннан ондықтарды алып тастау: 4-ке тең болды.

б) 10-нан 5 пункте шыққан санды алып тастау: $10-4=6$. Егер есептеуден кейін шыққан сан (6 пунктегі) штрих кодтағы бақылау цифрымен сәйкес келмесе, тауар заңсыз шығарылғанын көрсетеді және оның сапасы кепілді емес.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі Г.К.Сартаеваның 5 «А» сынып оқушысы Қозыева Анар «Менің отбасымның электр энергиясын үнемдеуге қосқан үлесі» тақырыбында жобасын қорғады. Мақсаты тұрмыстық техникалар қанша электр энергиясын тұтынатынын бақылап, зерттеп, үйле қаншалықты электр энергиясын үнемдеуге болатынын қарастыру. Анар отбасында электр қуатын үнемдеудің жолдарын айтып берді. Электр энергиясының мөлшерден тыс ысырапталуы жылдан жылға артып келеді. Қазіргі кезде қоршаған ортаның жағдайы жақсы болу үшін баламалы энергия көздерін пайдалана бастады.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі Ф.Т.Жаппарованың 8 «Б» сынып оқушысы Ашимов Мирас «Логикалық есептерді графтардың көмегімен шешу» жобасын жалғастыруда. Мақсаты логикалық есептерді графтар арқылы шешуді көрсету. «IQANAT» олимпиадасында кездескен логикалық есептерді графтардың көмегімен шешкенін, графтар арқылы шешудің тиімділігін оқушыларға айтты.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі Б.К.Сулейменованың 8 «В» сынып оқушысы Дамыс Аяулым «Табиғаттағы математикаға құбылыстар «Математик аралар» жобасын қорғады. Мақсаты: Геометриядағы алтыбұрышты фигураның табиғатпен байланысын анықтау. Аралар өте керемет математиктер, бір ара бал тапқан кезде оны өзінің ұясына келген соң басқа араларға жеткізеді. Бірақта олардың жеткізу тәсілі тұнып тұрған математика. Олар тамақ орналасқан жерді күннен қанша градуста орналасқанын қаншалықты алыста екенін және қай жерді іздеу керек екенін математикалық түрде өзінің достарына нақты жеткізіп береді.

Жетекшісі информатика пәні мұғалімі И.Б. Тулеуованың 8 «А» сынып оқушысы Серік Тоғжан «Абай Құнанбаев шығармаларындағы құндылықтарды 3 D Coral графикада бейнелеп мән мағынасын ашу» тақырыбында жобасын қорғады. Мақсаты: Абай шығармаларының философиялық мәнін оқуда 3 D Coral графикада мағынасын ашып құру. Абай атамыздың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» - өлеңіндегі афоризімдердің алғашқы шумағынан ақын қандай мәселені көрсеткісі келгенін Тоғжан кейіпкерлер арқылы ұсынып Абай атамыздың пәлсапалық құндылықтай өшпес мұра сөздерін, көшелерге іліп, әр қазақтың бойына Абай білімінің өмірлік ұстанымдарын сусындатқысы келетінін айтты.

Жетекшісі математика пәні мұғалімі Г.Ж.Бимақаеваның 8 «Г» сынып оқушысы Қайратжан Жансая «Логикалық есептерді шығару және қолдану» тақырыбында жобасын қорғады. Мақсаты: Күнделікті өмірдегі логикалық қызықты математиканы оқу мен дәріптеу және насихаттау. Жансая шығарған логикалық есептері слайдта қойылған.

Физика пәні мұғалімі Г.Ж. Шинибекованың «Оқушылардың жаратылыстану пәндерінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» және «Физика сабағында белсенді және интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану» мақалалары жинаққа шықты. Математика пәні мұғалімдері: Мүкүш А.Е., Төлеуқадыр Ә.Ж., Тоқмади Б.Е.-ның «Математика біздің айналамызда» мақаласы ауданымыздың «Шет өңірі» гезетіне басылып шықты. Физика пәні мұғалімі Жекебай А. 7 «А» сынып оқушыларымен «Зертханалық жұмыс №10. «Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау» тақырыбына, Математика пәні мұғалімдері: Мүкүш А.Е. 6 «Г» сынып оқушыларымен «Өрнектерді тепе-тең түрлендіру» тақырыбына, Төлеуқадыр Ә.Ж. 5 «Г» сынып оқушыларымен «Бұрыштар» тақырыбына, Тоқмади Б.Е. 5 «В» сынып оқушыларымен «Диаграмма» тақырыбына 10-15 минуттық видео сабақ түсірді. Информатика пәні мұғалімі Д.В.Мельниктің ықпалымен биыл біздің мектептің оқушылары: 11 «А» сынып оқушылары Әлімхан Рулан, Тасболатов Мәди, 7 «В» сынып оқушылары Қайырберлі Нұржол, Саян Яснн, 6 «А» сынып оқушылары Амангельды Ансар,

Хамитжан Бекзат Қарағанды облысының үш ауылдық мектебінің құрамында Begin IT жобасының жаңа қатысушылары болды. BeginIT-2012 жылы басталған inDriver әлеуметтік-білім беру жобасы. Жоба бағдарламасы балалар үйлерінен, мектеп-интернаттарынан және ауыл мектептерінен қабілетті балаларды жаңа технологиялар саласына кәсіби бағдарлауға және анықтауға бағытталған. Мақсаты-балалардың зияткерлік өндіріс саласындағы мамандықтарға деген қызығушылығын ояту, жеке өсуіне серпін беру, болашақ мамандықты таңдауға әсер ету. 2022 жылға қарай жобаға Ресей, Қазақстан, Бразилия, Мексика, Колумбия, Эквадор, Оңтүстік Африка, Танзания, Кения, Нигерия, Перу, Индонезия және Үндістаннан 127 балалар үйі, баспаналар (приюты) мен шалғайдағы ауыл мектептері қатысты. Біздің оқушылар бағдарламалау негіздері бойынша тегін жылдық қашықтықтан оқығудан білім алып, "Информатика және Ойындарды дамыту" деңгейінің бірнеше деңгейлерінен өтті.

Шет тілі кафедрасының жыл бойы атқарған жұмыстары.

Шет тілі кафедрасында 14 мұғалім бар. Оның 9 қызмет жасап жатыр, 5-еуі декреттік демалыста отыр. Желтоқсан айынан бастап Осербасва А.Б декреттік демалысқа шықты. **Шет тілі кафедрасының жұмысының мақсаты:** орта білім берудің мазмұнын жүйелі жаңарту жағдайларында білім беру үрдісін жобалау бойынша ағылшын тілін оқытудың инновациялық стратегиясын игеруде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Олқылықтарды толтыру барысында Шет тілі кафедра отырысында каралып осы жылғы жоспардың әр тоқсанына 2 грамматикалық тақырыптан қосылды. Бізде грамматика әр сыныпта қайталанып отырса да оқушылар оны меңгере алмай отыр. Ал грамматиканы дұрыс білмесе сөйлемдерді де толық қанды құрап айта алмайды. Былтырғы оқу жылындағы олқылықтарды толтыру барысында сенбі күні барлық мұғалімдер қосымша сабақ жүргізіп жатыр. Қазан айында ағылшын тілі бақылауда болып жас мамандардың сабығыны кірдім. Бұл бойынша анықтама тапсырылды. Жоспар бойынша Жас мамандар сабағына қатысу алдын ала ескертіліп, жас мамандардың сабағына қатыстым. Ердесова А.С. жас маман еңбек өтілі 3-жыл 19.10 күні 2 «Ә» сыныбына қатыстым. Сабақты өз деңгейінде өтті. Мұғалімнің дайындалғаны байқалды. Оқушылардан үй тапсырмасына asking about your Family сөздік сұрап мысал келтіріп, бекіту бойынша карточкалармен can, can't қызықты тапсырма берді. Осы тапсырманы оқушылар жоғары деңгейде орындады. Кері байланысты үнемі жасап отырды. Белсенді тақтамен слайдпен жұмыс жасады. Phonetic drill оқушыларға өте тиімді болды. Оқушылар енді оқып үйреніп жатыр. Мұғалім қозғалысы баяу болды. Мұғалімге кейбір ескертулер жасалды. Бексұлтан Э.Б 4 жас маман еңбек өтілі 1-жыл. 4 «Ә» сыныбында 22.10 күні сабаққа қатыстым. Тақырыбы Dragon and Creature тақырыбында сабақ болды. Сабақты өз деңгейінде өтті. Мұғалімнің дайындығы жақсы болды. Оқушылардан үй тапсырмасына сөздік сұрап қайталады. Текстімен жұмыс жасап түсінгендерін оқушылар айтуға тырысты, әрине қатемен болса да өз ойларын жеткізді. Мұғалім кеңінен динозаврлар туралы сұрап оқушылармен қызықты мәліметтерді бөлісті. Және де Tongue Twister жаңылтпаш кім жылдам айтады деп ойын жарысы болды. Оқушыларды минутпен жарыстырды. Барлығы тез оқуға тырысып өте қызықты болды. Оқушылар қатемен айтса және оны мұғалім үнемі дұрыстап отырды. Карточкамен Қалыптастырушы тапсырманы оқушыларға беріп Have, Has қойып орындады алдында өткен сабақ болғандықтан оқушылар ұмытып қалған. Мұғалім ауызша еске түсірді оны слайдпен тапсырма орындау алдында қайталау керектігі ескертілді. Биыл оқу жылында 2 мұғалім модераторға тапсырды. Жалғабекова А.Р. модератор біліктілігін қаңтар айында алды. Бексұлтан Э.Б. тестен өтіп, документін тапсырды. «Оқу және жазу арқылы

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту” 72 сағат УМЦ Бексұлтан Э.Б және де “Future English Teacher Development “ British council online teaching platform тақырыбында 35 сағаттық онлайн курсты аяқтады. Жуkenова Г.С “Мектептегі ағылшын тілі сабағы: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары” тақырыбы бойынша біліктілігін ЦПМ де 16.05-03.06.2022 жылы болды. Енді жаз айында Ердесова А.С, Амангелді Қ.А курсқа барады.Республикалық ғылыми –әдістемелік педогогикалық Қазақ білімі журналына «Furniture» тақырыбында Жуkenова Г.С сабақ жоспары шықты. Алдағы оқу жылында біліктілігін арттыруға Жуkenова Г.С барады.

«Бірге оқимыз!» облыстық жобасы аясында өткізілетін шеберлік сабақтарға сұраныс I - II тоқсанға (Воркшоптар бойынша)

1	Шевчук Л. В	22.10.21	1 четвер т	английс кий	Light and dark	3«Д»
2	Исмакова М.М	15.12.21	2 тоқсан	ағылшы н	Professions of future	5 «А»
3	Жуkenова Г.С	22.02.22	3 тоқсан	ағылшы н	Ағылшын тіліндегі оқу сауаттылығы	6 «А»

Сұраныс берілді бірақ ұсыныс түспеді.

Осы жартыжылдықтағы жетістіктерге тоқталсақ 4 сынып оқушылар арасында IV облыстық «Clever-2020» олимпиадасының аудандық кезеңінен I орынның -3, II орыннан -2, III орыннан-6.

Жалпы пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі барлығы 19 оқушы қатысты. Оның 14 орын мектепшілік. Аудандық кезеңге 4 оқушы жолдама алды.Барышников Илья 5 «Д» «Виртуальная школа» олимпиадасынан II орын жетекшісі Бексұлтан Э.Б Жалпы пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен Қайрат Айша III орын жетекшісі Хуат.А.

II жартыжылдық бойынша аудандық олимпиада болды оған біздің кафедрадан 4 оқушы қатысып, Нұрлан Сезім 10 сынып оқушысы I орын алып облысқа жолдама алды, жетекшісі Исмакова М.М , Әділхан Зарина II В сынып оқушысы 3-орын, жетекшісі Шевчук Л.В. Наурыз айында облыстық олимпиадаға қатысып орын ала алмады. Бұл оқушыны келесі жылғы олимпиадаға жақсылап дайындау қажет. Бізде биыл жылдағыдан аз жетістік болды, өйткені British Bulldog , Кенгу олимпиадалары келген жоқ. Бастау республикалық олимпиада қатысып 37 оқушы жүлделі орынға ие болды. Сондай ақ жеке пән апталығы болмады,біз барлық пән апталығындағы іс-шараларға қатысып отырдық.

Сәуір айында болатын XIX ғылыми-практикалық конференциясының мектепшілік кезеңіне 4 оқушы қатысты. Болат Амина 5«В» сынып оқушысы «Табиғи материалдардан жасалған үйлер түрі» жетекшісі Хуат.А

